

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және
байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Г.С.АЛМУХАМЕТОВА
К.О.ЖЕКЕЕВА**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Алматы 2022

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2Қаз-923

А45

Пікір білдірушілер:

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Ж.Д.Рапишева

Қарағанды политехникалық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.М.Хамзина

АЭЖБУ тіл білімдері кафедрасы педогогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

М.М.Төлеуп

Алматы энергетика және байланыс университетінің Ғылыми кеңесі басуға
ұсынды (12.01.2023ж.). АЭЖБУ 2022ж. ведомостік әдебиеттер басылымдарын
шығарудың тақырыптық жоспары бойынша басылады, реті 21

Г.С. Алмухаметова., К.О.Жекеева

А45 Қазақ тілі (А2 деңгейі). Оқу құралы (техникалық жоғары оқу
орындарының студенттеріне арналған)

Г.С. Алмухаметова., К.О.Жекеева – Алматы: АЭЖБУ, 2022. – 87-б: кесте
– 5, сурет – 3, әдеб.көрсеткіші – 25 атау.

ISBN 978-601-358-053-1

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты студенттердің сауатты
сөйлеуін дамыту болғандықтан, берілген материалдар тындап түсіну, оқып
түсіну, жаза білу және сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Берілген
мәтіндердің тәрбиелік мәні зор, студенттердің тілдік дағдыларын дамытуы
үшін өте қажетті.

Оқу құралы орыс тілінде білім алатын техникалық жоғары оқу
орындарының студенттері мен қазақ тілін өз бетімен үйренушілерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2Қаз-923

ISBN 978-601-358-053-1

АЭЖБУ, 2022

Алмухаметова Г.С.

Жекеева К.О., 2022

Алғы сөз

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілін меңгерудің базалық деңгейі (А2) бойынша әзірленген. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту халықаралық стандартқа сай деңгейлік, коммуникативтік-бағдарлы оқыту әдістемесіне негізделуі қажет. Сондықтан оқу материалдарында қазақ тілін А2 деңгейінде оқытуға арналған лексикалық және грамматикалық тақырыптар беріліп отыр.

Берілген оқу материалдарында А2 -базалық деңгейіне арналған сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым материалдары, мамандықтары бойынша мәтіндер, грамматикалық тапсырмалар берілген.

Лексикалық, грамматикалық тақырыптар жаңа типтік бағдарлама бойынша жеңілден күрделіге қарай сұрыпталып алынған және грамматиканы бекіту мақсатында тыңдалым мен оқылым әрекеттерін дамытуға арналған мәтіндерде грамматикалық элементтер берілген. Мәтін бойынша берілген тапсырмалар жаңа лексиканы меңгеруге, сөйлемдерді синонимдерді пайдалана отырып түрлендіруге, сондай-ақ тірек сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлемдер мен синтаксистік құрылымдар құруға жаттықтырып, тілдік дағдыларын жетілдіруге, ал сұхбаттар мен жағдаяттық тапсырмалар студенттердің сөйлесім мен айтылым әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу құралында мәтіндер, жекелеген сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, сұхбаттар, өлең жолдарынан үзінділер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер барынша іріктеліп алынды. Оқу материалдары мен тапсырмалар жоғары оқу орындарының бағдарламасы бойынша өтілетін лексикалық және грамматикалық тақырыптарға негізделе отырып құрастырылды.

Сондай-ақ, ұсынылған материалдар қызықты әрі тартымды, танымдық мәні бар, күнделікті өмірмен тығыз байланысты сұрыпталып алынған.

1 Танысу. Сәлемдесу. Қоштасу үлгілері Танысу. Жіктеу есімдігі.

Негізгі сөздер мен сөз тіркестері:

Сәлем, Сәлеметсіз бе? Қайырлы таң! Қайырлы күн! Атыңыз кім? Қайда тұрасыз? Қайдан келдіңіз? Сау болыңыз, аман болыңыз, кездескенше, көріскенше сау боп тұрыңыз.

1-сабақ. Танысу

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

жас
тегім
аты-жөні
аты (есімі)
мектепті бітірдім
оқуға түстім
жоғары оқу орны
орта деңгей
жоғары деңгей
тілдерді білу
еркін сөйлеу
жетік білемін

Грамматикалық анықтағыш

Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары.

Сұраулық шылаулар: ма? ме? ба?бе? па? пе? Сенің ұлтың қазақ па?(өзбек пе?, кәріс пе?

Сұрау есімдіктері: Кім?Кімге?Қашан? т.б. Сіздің атыңыз кім?

Жазылым

Сұраулы сөйлем түрінде жазыңыз.

Менің атым -Азамат. Тегім – Сапаров. Ұлтым – қазақ. Мен 2005 жылы Алматы қаласында тудым, 17 жастамын. Мен университетте оқимын. Мамандығым – инженер.

Сұрақтар:

1.Сіз Азаматсыз ба? (Сіз кімсіз?)

2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Айтылым

Сәлемдесу әдебімен танысыңыз.

- Сәлем!-Привет!
- Сәлеметсіз бе? - Здравствуйте! (вежл.форма ед.ч)
- Сәлеметсіздер ме? - Здравствуйте! (вежл.форма мн.ч)
- Қайырлы таң! - Доброе утро!
- Қайырлы күн! - Добрый день!
- Қайырлы кеш! - Добрый вечер!
- Қош бол! -Прощай!
- Сау бол! - До свидания!(в ед/мн.ч)
- Қош болыңыз! -Прощайте!(в ед/мн.ч)
- Кездескенше! -До встречи!
- Көріскенше! - Пока!
- Сау болыңыз (дар)! - До свидания!

Кел , танысайық

- Амансыз ба?
- Сәлеметсіз бе?
- Сенің аты-жөнің кім?
- Менің атым (есімім) Асқар. Әкемнің аты- Омар, тегім-Оспан.
- Қал-жағдайыңыз қалай?
- Рахмет, жақсы
- Өзіңіздің қал -жағдайыңыз қалай?
- Шүкір, орташа
- Асқар, сенің жасың нешеде?
- Жасым он сегізде
- Қайда оқисың?
- Университетте
- Нешінші курста оқисың??
- Бірінші курста.
- Отбасыңда кімдер бар?
- Екі апам, бір ағам мен кішкене қарындасым бар.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, өзіңізді таныстырыңыз.
Сұхбаттарды толықтырыңыз.

а)

- Сәлеметсіз бе, Арман!
-
- Қалыңыз ?
-

- Денсаулығыңыз ?
-
- Көріскенше.
-

ә)

- Амансың ба, Асқар! ?
-
- ?
- Рақмет.
-

б)

- Сәлем, ?
-
- ?
-
- ?
-

2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Берілген мәтінді үшінші жақта оқыңыз. Үлгі бойынша досыңыз туралы әңгіме құрастырыңыз.

Менің аты-жөнім Асқарова Әсел Мұратқызы. Мен студентпін. Мен Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде оқимын. Біздің университет Алматы қаласында, Байтұрсынұлы көшесінде орналасқан. Менің ұлтым - қазақ.

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтіндегі ойды жалғастырыңыз.
Менің досым

Менің досымның аты – Қанат. Мен онымен Астана қаласында таныстым. Ол Астана қаласында дүниеге келген. Қанат университетте оқиды. Оның жасы он сегізде. Қазір ол Алматы қаласында тұрады. Ол спортпен шұғылданады.

4-тапсырма. Мектеп, оқу орны, білім, оқимын, оқуға түстім сөздерімен сөйлем құрастырыңыз.

5-тапсырма Тәуелдік жалғау. Берілген үлгі бойынша сөздерді тәуелденіз:
I Менің отбасы... , ата-ана..., көше... , үй

II Сенің...,... ,

II Сіздің ..., ... ,

III Оның ..., ...,

6-тапсырма Сөз тіркесін , сөйлем құрастырыңыз.

*

**

Үлгі:

Қала.

Менің қалам.

Менің қалам үлкен.

Менің қаламда әдемі үйлер бар.

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, «Танысу» тақырыбында сөйлесіңіздер.

- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Ұлтыңыз кім?
- Мамандығыңыз кім?
- Сіз қайда тұрасыз?
- Сіз қайда жұмыс істейсіз?
- Сіздің отбасыңыз бар ма?
- Сіздің жасыңыз нешеде?

8-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Менің	аты, есімі
Сенің	атыңыз, есіміңіз
Сіздің	достарымыз
Оның	атым, есімім
Біздің	ата-анасы
Олардың	атың, есімің

9-тапсырма. Сөз тіркестерін құраңыз, аударыңыз.

Менің/оның	отбасым, атасы, әкем, інісі, әпкесі, ұлым, қызым, қарындасы, ағалары, әжем, сіңлісі, туыстарым
------------	--

10-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

*Асқар\ досым\менің. Сіңлі\оның Динара. Әсел\қарындас\менің . Арман/
іні\оның. Айнұр/ әпке\оның. Асхат\ат\оның.*

Менің досым

Менің досымның аты – Қанат. Мен онымен Астана қаласында таныстым. Ол Астана қаласында дүниеге келген. Қанат университетте оқиды. Оның жасы он сегізде. Қазір ол Алматы қаласында тұрады. Ол спортпен шұғылданады.

Мәтінді оқыңыз

Менің әріптесім Есмұратова Мереке Батырханқызы – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін бітірген. Жасы 39-да. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі. Ол университетте өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретеді. Оның студенттері түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатысып, қазақ тілінде білімдерін көрсетіп жүр. Ол университеттегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжымда беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, әріптестеріне көмектесіп отырады. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды.

Ол - отбасында үлгілі ана. Жұбайы Ахмет екеуі екі бала тәрбиелеп отыр. Балаларының үлкені Майра колледжде оқиды, кішісі Дәурен 8-сыныпта оқиды.

Мәтін кім туралы? Мәтінде берілген ақпарат негізінде жазыңыз.

Аты-жөні _____

Жасы _____

Мамандығы _____

Жұмыс орны _____

Отбасы жағдайы _____

Қосымша тапсырмалар:

Грамматикаңызды тексеріңіз

Дұрыс сөйлемдерді белгілеңіз.

1. Мен Алматы қалада тұрамын.
Мен Алматы қаласында тұрамын.
2. Менің досым екінші курсында оқиды.
Менің досым екінші курста оқиды.
3. Біз университеттің студентпіз.
Біз университеттің студентіміз.

2 Мен және менің ортам. Отбасы – шағын мемлекет. Үндестік заңы.

Отбасы. Отбасы мүшелері

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

отбасы мүшелері – члены семьи
қарындасым-младшая сестра (у мужчин)
құндылықтар – ценности
сыйластық – уважение
ықпал, әсер – влияние
тәрбие – воспитание
үлкен – большая (семья)
шағын – небольшой, маленький
тату – дружный
туыстар – родственники
дәстүр – традиция

Өзіңіз білетін ақпаратты пайдаланып жоғарыда берілген жаңа сөздерді туыстық қатынасты білдіретін сөздермен толықтырыңыз:

Мәтіндерді оқыңыз.

Менің отбасым

А) Менің отбасым үлкен. Отбасымда сегіз адам бар. Олар: атам, әжем, әкем, анам, әпкем, інім және мен. Атамның аты – Әділ. Әжемнің аты - Асыл. Олар-зейнеткерлер. Әкемнің аты-Асқар. Ол қырық жаста. Ол емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Анамның аты-Анар. Ол-мұғалім. Әпкем жоғары оқу орнында оқиды. Інімнің аты - Әли. Ол балабақшаға барады. Өзімнің атым – Арман. Мен бірінші курста оқимын. Отбасымыз тату.

Ә) Менің аты-жөнім – Асқар Өмірбекұлы. Жасым отыз бесте. Мен Алматы қаласында, Әуезов көшесінде тұрамын. Мен жекеменшік фирмада инженер болып жұмыс істеймін. Менің отбасым – шағын. Менің жұбайым отыз төрт жаста. Оның аты – Сәуле. Ол жекеменшік емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Бір ұлым, бір қызым бар. Ұлым жеті жаста. Оның аты – Санжар. Ол бірінші сыныпта оқиды. Қызым сегіз жаста. Оның аты – Гауһар. Ол мектепте екінші сыныпта оқиды. Менің ата-анам Атырауда тұрады. Олар – зейнеткер. Екі ағам және бір қарындасым бар. Үлкен ағам Алматыда тұрады, ал кіші ағам Астана қаласында тұрады. Үлкен бауырым қырық екі жаста. Оның аты – Самат. Ол мемлекеттік мекемеде маман болып жұмыс істейді. Ал кіші ағам отыз сегіз жаста. Оның есімі – Қайрат. Ол Атырау қаласында тұрады. Ол жекеменшік фирмада жұмыс істейді. Ал қарындасым – студент. Оның аты – Самал. Ол Астана қаласында Назарбаев университетінде оқиды.

1-тапсырма. Жазылым. Өз отбасыңыз туралы жазып, мәтінді толықтырыңыз.

Менің отбасым (үлкен, шағын). Отбасымда ... адам бар. Олар: ..., ... , ..., ... және мен. Мен ... жақсы көремін.

2-тапсырма. Сөздерге тиісті көптік жалғауын(-лар,-лер, -дар, -дер, -тар,-тер) жалғаңыз.

Аға...

Қарындас...

Адам...

Бала...

Әже...

Дос...

Ата-ана...

3-тапсырма. Өз отбасыңыздың мүшелерін жазыңыз.

ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

1.

2.

3.

4.

5.

6.

4-тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Отбасыңызда неше адам бар?
2. Сіздің қарындасыңыз бар ма?
3. Сіздің әпкеңіз неше жаста?
4. Сіздің ініңіз бар ма?
5. Сіздің ағаңыз студент пе?

Отбасындағы сыйластық

Отбасы – адам баласының өсіп-өнетін, ержететін, тәрбие алатын қасиетті алтын бесігі. Адамзат ұрпағына отбасының ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Отбасы, негізінен, үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде, әсіресе, ұл тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әке балаға сыншы.

Бала тәрбиесінде ана да маңызды рөлге ие. Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді. Әкені әулет басшысы ететін де, баланы мейірімге бөлейтін де – ананың махаббаты, ананың тәрбиесі. Тәрбиесі дұрыс отбасында сыйластық та орын алады. Сыйластық – барлығының негізі.

Отбасындағы сыйластық жасы кішінің жасы үлкенді құрметтеуіне, бірінші болып амандасуына, ұл баланың қыз балаға жол беруіне, сөз әдебін сақтауына, отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасына құрылады.

Сыйластық туралы қазақ халқында былай дейді: «Үлкенге – ізет, кішіге - құрмет», «Ана алдында – құрмет, ата алдында - қызмет», «Сыйласқанның суын іш», «Сыйлап берген су тәтті», «Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз».

Сыйластық орнаған отбасынан әке көрген ұл, шеше көрген қыз өсіп шығады. Яғни, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің».

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқыңыз.

2. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз, аударыңыз: **өсіп-өну, ержету, ықпал, әсер, әулет, қамқоршы, сыншы, тербетеді, мейірімге бөлейді, жасы үлкенді құрметтеу, жол беру, сөз әдебі, қолы кең.**

3. Мәтіндегі көптік жалғаулы және жіктік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз:

Отбасы дегеніміз не?

Отбасы мен жеке тұлға, отбасы мен ұлт, отбасы мен мемлекет байланыстары қандай?

Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі қандай?

Отбасындағы сыйластықтарды сақтау үшін қажетті шарттарды атаныздар.

5. *Бала, дос, қамқоршы* сөздерін жекеше, көпше түрде жіктеңіз.

6. Өз отбасыңыздағы сыйластық туралы не айтар едіңіз.

7. Мәтінді оқып, өз ақпаратыңызбен толықтырып, мәтіндерге тақырыптар беріңіз:

А) Отбасы – әр адамның алтын ұясы. Отбасы ұрпақтарға ұлттық дәстүрлерді қалыптастыруда маңызды орын алады. Қазақ отбасында ұл баланы, қыз баланы тәрбиелеуге үлкен орын беріледі. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер». Отбасында ұл балаға үйдің күрделі, ірі жұмыстарын үйретеді. Қыз балаға тамақ істеу, үй ұстау дағдыларын қалыптастырады.

Ә) “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер”, “жеті атасын білмеген - жетесіз”, “жақсыдан жақсы туар жарқылдаған, қарғадан қарға туар қарқылдаған”, “жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз” түсініктеріне салыстырмалы талдау жасаңыз.

8. *Жаттығу бойынша келесі сөйлемдерді аяқтаңыз және оны өз сөзіңізбен толықтырыңыз.*

Отбасы - Отбасы ұрпақтарға ...маңызды орын алады. Қазақ отбасында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген қазақ мақалы Отбасында ұл балаға Отбасында қыз балаға

Мәтінді түсініп оқыңыз

Қара шаңырақ

Қазақ отбасында кенже бала (ұл) шаңырақ иесі. Кенже бала отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже бала әке-шешесімен бірге тұрады. Кенже баланың өз отбасы болғанымен де ата-анасымен бірге тұрады. Кенже бала – қара шаңырақ иесі. Қара шаңырақ – үлкен үй, әке-шеше үйі.

1. «Қара шаңырақ» сөзіне түсінік беріңіз және мысал келтіріңіз.
2. Қазақ отбасындағы кенже баланың рөлі қандай екеніне мысал келтіріңіз.

Грамматикалық анықтағыш

Иелік мағына -НІКІ (дауысты дыбыстан кейін) -ДІКІ (ғ,ж,з,л, м,н, ң, р, й, у) - ТІКІ (б,в,г,д және қатаң дауыссыз дыбыстан кейін) қаланікі, мекеменікі, ағамдікі, Арайдікі, суреттікі, жұмыстікі, Қайраттікі

Қос сөздер ата-ана, бала-шаға, бүгін-ертең, үлкен-кіші, ағалы-қарындас т.б.

Назар аударыңыз! әкенікі – әкемдікі, баланікі – баламдікі

9. Берілген сөздерге иелік форманың жұрнағын қосыңыз.


Ақсақал _____	Ағай _____	Апай _____
Інішек _____	Қарындас _____	Бойжеткен _____
Әріптес _____	Емхана _____	Шаштараз _____
Дәліз _____	Ғимарат _____	Мекеме _____

10. Үлгі бойынша жазыңыз.

Нұржанның әке-шешесі	Әке-шеше Нұржандікі
Әкемнің жұмысы	-----
Әріптесімнің кабинеті	-----
Жомарттың компьютері	-----
Мекеменің ғимараты	-----

Сабақты қорытуға бағытталған тапсырмалар:

1. «Отбасы» сөзімен сөз тіркесін жасаңыздар.



2. Сөйлемдерді аяқтаңыздар, оларды аударыңыздар

1.	Отбасы мүшелері... .	
2.	Отбасындағы сыйластық... .	
3.	Отбасы құндылықтары дегеніміз	
4.	Сенім, адалдық, шынайылық...	
5.	Отбасы татулығы...	
6.	Рухани құндылықтар....	

3. Сұрақтар негізінде «Сіздің отбасыңыздың дәстүрі» тақырыбына жазбаша ойыңызды жазыңыз (10 сөйлем).

- Дәстүр дегенді қалай түсінесіз?
- Қандай дәстүрлерді білесіз?
- Өз отбасыңызда қандай дәстүрлер сақталған?(Үлкенге құрмет, мерекені отбасы мүшелерімен бірге қарсы алу, белсенді демалыс және т.б.)

3 Мамандығым-мақтанышым. Бәсекеге қабілетті білікті маман дайындау - бүгінгі күннің талабы. Жоғары сұранысқа ие мамандықтар. Сан есім. Есептік сан есімдер.

Мәтін алды тапсырмалар:

1. Мәтінге қатысты сөздердің аудармаларын біліп алыңыздар.

кәсіби маман – профессиональный специалист

мамандық – специальность

ерекшеліктері – особенности

мамандық бойынша – по специальности

қабілет – способность
дағды – навык
беделді – авторитетный
игеру – освоить
осы заманғы– современный
білікті маман – квалифицированный с2.пециалист
бәсекеге қабілетті маман – конкурентноспособный специалист

2. Мәтінді оқыңыздар

Қазіргі кезде дүние жүзінде мамандықтар өте көп. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Кейбіреулері адамнан ақыл-ой қабілетін, теориялық білімді қажет етсе, екіншілері білік-дағдыларды, осы заманғы техниканы меңгеруді талап етеді.

Мамандық тандау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз.

Жапондықтардың пікірі бойынша, дүние жүзіндегі ең беделді мамандықтар электроншы-бағдарламашы және заңгер болып есептеледі.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1-тапсырма. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай мамандық атауларын білесіз?
2. Таңдаған мамандығыңыз өзіңізге ұнай ма?
3. Бұл мамандыққа өз қалауыңызбен түстіңіз бе?
4. Бүгінгі таңда қандай мамандықтар жоғары сұранысқа ие?
5. Бәсекеге қабілетті маман дегенді қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздерді жазыңыз.

3-тапсырма. Мәтінді өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз.

4-тапсырма. Мамандық сөзін үш жақта тәуелдеңіз.

2. Жоғары сұранысқа ие мамандықтар

1. Мәтінге қатысты жаңа сөздермен танысыңыздар:

нарық – рынок
сарапшылар – эксперты
болжам – прогноз
сауатты – грамотный
сала – отрасль, сфера
қамтамасыз ету – обеспечивать
сұранысқа ие маман – востребованный специалист
игеру, меңгеру – освоить
жауапкершілік – ответственность
заманауи– современный

білікті маман – квалифицированный специалист
бәсекеге қабілетті маман – конкурентноспособный специалист

2. Мәтінді түсініп оқыңыз, аударыңыз.

Жыл сайын сарапшылар тапшы мамандықтар рейтингін жасап, өз болжамдарын білдіріп жатады.

Еңбек нарығындағы жағдай жыл сайын өзгеріп отырады. Егер бір жылы сату менеджерлері керек болып жатса, екінші жылы сауатты экономика мамандары, ал келесі жылы жарнама саласы мамандары қажет болып жатады.

Ғаламтор бетінде жарияланған мамандардың 2014-2017 жылдарға арналған болжамдарына көз салатын болсақ, бірінші орында техникалық мамандықтар тұр. Табысқа жету үшін бұл кәсіп иелерінің техникамен қатар экономика және заң саласындағы білімдері жоғары деңгейде болуы керек. Сондай-ақ, халықаралық ынтымақтастық қарқынды дамып жатқандықтан шетел тілдерін меңгерулері керек. Жалпы алғанда біліктілік талаптары жылдан-жылға арта береді. Сонымен бірге жас мамандар өз мамандығы аясында бірнеше қызметті іске асыра алуға дайын болулары керек. Екінші орында IT-мамандары, программалық қамту әзірлеушілері тұр. Программалық қамту нарығы ең тез дамитын сала, оның жұмысын қамтамасыз етушілер алдағы он-жиырма жылда ең жоғары сұранысқа ие мамандар болып табылады. Үшінші орынды баламалы энергетика мамандары иеленген. Шынына келетін болсақ, өз ісінің шебері және жауапкершілігі мол кез келген сала маманы жоғары сұранысқа ие кәсіп иесі бола алады.

1. Мәтінге жоспар құрыңыз (мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беріңіз);
2. Мәтін бойынша сұраулы сөйлемдер жазыңыз (5 сөйлем);
3. Глоссариді толықтырыңыз:

_____ істелінген жұмысқа төленетін ақы
_____ табылуы қиын немесе жетіспейтін нәрсе
_____ арнайы оқу орнында оқып алған білім
_____ болашақта мүмкін болатын жағдайлар туралы айтылатын пікір.

Сабақты қорытуға арналған тапсырмалар:

1-тапсырма. «Маман, мамандық» сөздерімен мүмкін болатын сөз тіркестерін құрастырыңыз.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларыңызды айтыңыз.

1. Мамандықтар рейтингі не үшін жасалады?
2. Не себептен аталған мамандықтар жоғары сұранысқа ие деп ойлайсыз?

3. Алдағы жылдары сұранысқа ие болып қалатын мамандықтар қандай ? Сіздің пікіріңіз.
4. Сіздің болашақ мамандығыңыз жоғары сұранысқа ие мамандыққа жата ма?

4 Оқу орны. Менің университетім. Зат есімнің жіктелуі, тәуелденуі.

Сөздік:

құрылды – основан
мамандандырылған – специализированный
бойынша – по
заманауи – современный
жабдық – оборудование
мәртебе – статус
қашықтан оқыту – дистанционное обучение
күндізгі бөлім – дневное отделение
жатақхана - общежитие

АЭЖБУ және мен таңдаған мамандық

Алматы энергетика және байланыс институты 1975 жылы құрылды. 1997 жылдың 3 мамырында институт Алматы энергетика және байланыс институты (АЭЖБИ) болып қайта құрылды. 2010 жылдың 1 маусымынан бастап университет мәртебесін алды. АЭЖБУ - энергетика және телекоммуникация бойынша мамандандырылған жоғары оқу орны. Бүгінгі күнде АЭЖБУ - энергетика, ақпараттық технологиялар, автоматика, радиоэлектроника және телекоммуникация саласында тек Қазақстанда ғана емес, барлық Орта Азия елдерінде мамандар даярлау бойынша жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Университеттің күндізгі және қашықтан оқыту бөлімдерінде әртүрлі мамандық бойынша студенттер білім алады. Күндізгі бөлімнің студенттеріне энергетика және байланыс кәсіпорындары үшін екінші жоғары экономикалық білім алу мүмкіндігі жасалған.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, төменде берілген сөз тіркестерін қолданып мәтінді өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз.

Кітапхана, оқу залдары, заманауи жабдықтар, интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптар, жастар орталығы.

2-тапсырма. Өз таңдаған мамандығыңыз туралы не білесіз? Берілген тірек сөздерді қолданып, қазақша ойыңызды жеткізіңіз.

Менің мамандығым, таңдаған себебім, болашағы зор, жан-жақты маман, заманауи жабдықтар, университеттің материалдық базасы, студенттер жатақханасы, жоғары білім.

Грамматикалық анықтағыш

Зат есімнің жіктелуі

Зат есімдер сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда жіктеліп қолданылады. Жіктік жалғаудың 3-жағы және жекеше, көпше түрлері бар. Әдетте 1—2-жақтарда адамға байланысты зат есімдер жіктеледі де, 3-жақта кез келген зат есім бола береді: Жіктік жалғаулары буын (1—2-жақ) және дыбыс (1-жақ) үндестіктері бойынша жалғанады. 1-жақ жекеше -мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, көпше -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз, 2-жақ жекеше анайы -сың, -сің, сыпайы -сыз, -сіз, көпше анайы -сындар, -сіндер, сыпайы -сыздар, -сіздер, 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

Зат есімнің тәуелденуі

Заттың біреуге тән екендігін білдіретін жалғауларды тәуелдік жалғаулары деп атайды : әке-м, әже-н, ата-сы. Тәуелдік жалғаулар үш жақта, жекеше және көпше түрде айтылады: көрші-м, көрші-ң, көрші-ңіз, көрші-сі.

Көрші-міз, көршілер-ің, көршілер-іңіз, көршілер-і.

3-тапсырма. а) Үндестік заңын еске түсіріп, мына сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз: жабдық, мүмкіндіктер, студент, жатақхана, факультет, оқулық.

ә) Бұларды қатыстырып сөйлем құрастырыңыз.

Лексика- грамматикалық тапсырмалар

1-тапсырма. Берілген сөздердің баламасын тауып, кестені толтырыңыз


профессиональный специалист	
специальность	
готовит специалистов	
квалифицированный специалист	
профессия	
конкурентноспособный специалист	
современный	
освоить навыки	
востребованный специалист	

2-тапсырма. Сөздердің сәйкес жұптарын тауып, сөз тіркестерін жасаңыздар.

мамандық	білім
сұранысқа ие	беделі
жоғары	маман
мамандарды	таңдау
досымның	дайындау
мамандықтың	мамандығы

3-тапсырма. Осы үлгі бойынша «мамандық, оқу орны» сөздерімен сөз тіркестерін жасаңыз, сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі:



4-тапсырма. Сөйлемнің жалғасын дұрыс тауып, аяқтаңыздар және аударыңыз.

Мамандық таңдау -	өзіне тән ерекшеліктері бар
Әр мамандықтың	бүгінгі күннің талабы
Біз таңдаған мамандық саласында	менің болашағым
Менің мамандығым	бұл өте маңызды іс.
Бәсекеге қабілетті маман дайындау	қызмет атқарамыз

5-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз

1. Мамандық дегеніміз.....
2. Мамандық таңдау өлшемдері...
3. Мамандықтардың беделі....
4. Жұмыспен қамтамасыз етілу мүмкіндігі....

5 Туған жерге саяхат. Біздің өлке. Жалпы және жалқы зат есімдер, күрделі атаулар.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас
(Мақал)

Негізгі сөздік қор: туған жер, туып-өскен жеріміз, туған көше, туған қала, туған үй

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

туған жер – родная земля
туған өлке – родной край
байлық – богатство
аумақ – территория
аймақ – регион
тәрбие – воспитание
ерекшелік – особенность
шағын – небольшой, маленький
көрікті орындар – достопримечательности
мәдени орындар – культурные места
дәстүр – традиция
ғимарат – здание, сооружение
қонақ үй – гостиница
мұражай – музей

1. Мәтінді оқыңыз

Менің қалам

Біз Петропавл қаласында тұрамыз. Қаламыз онша үлкен емес, бірақ өте әдемі. Әсіресе, соңғы жылдары қала күрт өзгерді. Петропавлда қазіргі заманға сай жаңа ғимараттар бой көтерді. Қала келбеті күннен күнге көркейіп келеді. Қаламызда көрікті орындар аз емес. Петропавлға келген қонақтарды автобекет, теміржол вокзалы құшағын жая қарсы алады. Қажет болса, қонақ үйлер көп. Солардың ішінде Қазақстан Конституциясы көшесіндегі «Қызылжар» қонақ үйі ерекше. Қазақстан Конституциясы көшесі – қаламыздың ең көрікті орындарының бірі. Мұнда қалалық саябақ, өлкетану мұражайы, жаңа мейрамхана, әмбебап дүкендері, бизнес орталықтары орналасқан. Жаңадан салынған мешіт, шіркеу, банк ғимараттары, спорт стадионары көзге түседі. Қаламыздың көшелері кең әрі әдемі әр көшеде бағдаршамдар орналасқан. Қаламыздың көптеген ескерткіштері тарихымызды байытады: Абай мен Пушкин ескерткіші, Ғ.Мүсірепов пен С. Мұқанов ескерткіштері, Абылай ханның мұражай кешені, тағы басқалары. Жеңіс саябағы – қала тұрғындарының

сүйікті орны. Келген қонақтар С.Мұқанов атындағы қазақ драма театрына, Н.Погодин атындағы орыс драма театрына, қалалық Мәдениет сарайына бара алады. Біздің қала қандай әсем!

Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Сіз тұратын қала қалай аталады?
2. Қалаңыздың қандай көшелерін білесіздер?
3. Қандай мәдени орындарды, ескерткіштерді білесіздер? Тағы не бар? (қазақ драма театры, мұражайлар, мектептер, балабақшалар,)
4. Өздеріңіз тұратын көшелерді атаңыздар?
5. Мәтінде кездесетін жалқы есімдерге қысқаша ақпарат беріңіз
6. Қарамен жазылған сөздермен сөйлем құрастырыңыз
7. Берілген сөздерден мақалдар құрастырыңыз
8. Жер, туған, болмас, ел, жердей, болмас, туған, елдей 2. Бай, байдың, елі, жері
3. Ел-елдің, бәрінен, жақсы, бәрі, өз елің, жақсы
9. Мәтінде белгіленген сөздердің қарама-қарсы мағынасын айтыңыз
10. Мәтінде асты сызылған сөздердің жасалу жолдарын айтыңыз

Грамматикалық анықтағыш

Жалпы есім— бірыңғай заттар мен құбылыстардың жинақты атауларын білдіретін зат есімдер: адам, қала, өзен, көл, сағат, отын, су, сана.
 Жалқы есім — жеке заттың, құбылыстың атауы болатын сөз, сөз тіркесі.
 Жалқы есімге адам аттары антропонимдер), географиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астронимдер), тарихи уақиғалармен байланысты мезгіл атаулары (хронимдер), рухани нысандар атаулары (идеонимдер) т. б. жатады.

11-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріңіз

кең	ескерткіш
алтын	шектеседі
киелі	орталықтары
құшақ	бесік
тарихи	салалары
елдермен	мекен
өнеркәсіп	алқап
негізгі	дала
мұнайлы	жаяды

Үй тапсырмасы

1. «Менің қалам» / «Елімнің ең көрікті аймағы» тақырыбы бойынша әңгіме құрасырыңыз.
2. Мәтіндерде кездескен шығыс, барыс, жатыс септіктердің жалғауларын белгілеңіз.

Қазақстан

Қазақстан Еуразия материгінің **орталық** бөлігінде орналасқан. Қазақстан шекарасының **жалпы** ұзындығы – 15000 шақырымнан астам. **Батысында** және **солтүстігінде** Ресеймен, **оңтүстігінде** Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанмен, ал **шығысында** Қытаймен **шектеседі**. Қазақстанның жер көлемі – **ұлан байтақ**. Ауданы – 2717,3 мың шаршы шақырым. Қазақстан жеріне Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндия мемлекеттерінің жер көлемі сыяды.

Халқының саны 2014 ж. ақпандағы **мәлімет** бойынша 16 миллиондай. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Онда 100-ден астам ұлт **тату-тәтті** өмір сүреді.

Елдің солтүстігі орманды, ал оңтүстігі таулы болып келеді. Оңтүстігінде өрік гүлдеп тұрғанда, солтүстігінде қар жаууы да мүмкін. **Орталық** Қазақстанды **жазық** дала алып жатыр. Қазақстанның **өзендері** – Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Есіл, Шу және басқалары. Ең үлкен көлдері мен **теңіздеріне** Балқаш пен Зайсан **көлдері** және Каспий мен Арал теңіздері жатады.

Қазақстан **кенге** бай. Сарқылмас қоры бар түсті металдар, темір, көмір, мыс, мұнай, газ және басқа кен байлықтары кездеседі. Қазақстанның **ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі** жақсы дамыған. Өнеркәсібінің негізгі салалары – металлургия, металл өңдеу, отын-энергетика, химия және тағы басқа **салалар**. Ауыл шаруашылығының негізгі салалары – егіншілік пен мал шаруашылығы.

Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің орталықтары – Қарағанды, Теміртау, Екібастұз, Балқаш, Жезқазған, Шымкент және тағы басқалары.

Сонымен қатар Қазақстан ғылымы мен мәдениеті **жоғары** дамыған ел. Қазақстан ұлттық академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, опера және балет театры, драма театрлары, мектептер, кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет сарайлары сияқты ғылым мен мәдениет ошақтары бар.

1992 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасын бүкіл дүние жүзі танып, **Біріккен Ұлттар Ұйымына** толық құқылы мүше болып қабылданды.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республиксының **мемлекеттік нышандары** – мемлекеттік жалауы, елтаңбасы, әнұраны қабылданды

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

12-тапсырма. *А бағанындағы сөздерге Ә бағанынан сәйкес жауаптарды белгілеңіз.*

А	Ә	
<p>а) өнеркәсіптің негізгі салаларыә) кен байлықтары б) мемлекеттік нышандарыв) жер көлемі г) ғылым орындары ғ) өнеркәсіп орталықтары д) ауыл шаруашылығы салаларые) солтүстігі ж) оңтүстігінде и) өзендері к) мәдениет ошақтары қ) көлдері мен теңіздері</p>	<p>1) опера және балет театры, драма театрлары, мектептер, кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет сарайлары 2) таулы елтаңба, ту, әнұран 4) орманды 5) ұлттық академия, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары 6) Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Есіл 7) Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері сыяды 8) Балқаш, Зайсан, Арал, Каспий 9) Қарағанды, Теміртау, Екібастұз, Балқаш, Жезқазған, Шымкент 10) егіншілік пен мал шаруашылығы 11) металлургия, металл өңдеу, отын-энергетика, химия 12.түсті металдар, темір, көмір, мыс, мұнай, газ</p>	<p>3)</p>

2-тапсырма. Қай облыста не өндіріледі немесе не өсіріледі?

- | | |
|--------------|-------------|
| 1) Қарағанды | а) мақта |
| 2) Жезқазған | ә) күріш |
| 3) Қызылорда | б) мұнай |
| 4) Ақтөбе | в) көмір |
| 5) Атырау | г) фосфор |
| 6) Өскемен | ғ) қорғасын |
| 7) Шымкент | д) мыс |
| 8) Жамбыл | е) хром |

3-тапсырма. Сөз тіркестерінің сәйкес сыңарларын белгілеңіз.

Қытаймен	кездеседі
жақсы	таныды
өрік	алып жатыр
қар	гүлдейді
дүние жүзі	дамыған
жазық дала	қабылданды
рәміздер	жауады
кен байлығы	шектеседі

4-тапсырма. Мәтінде қарамен бөлініп көрсетілген тірек сөздерді аударыңыз және сөйлемдер құрастырыңыз.

6 Денсаулық - зор байлық. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі. Ауыспалы осы шақ.

Жаңа сөздер:

байлық – богатство

халық даналығы – народная мудрость

жауапкершілік – ответственность

болашақ кепілі – залог будущего

денсаулықтың қадірі – достоинства здоровья

табиғи өнім – натуральный продукт

дұрыс тамақтану – правильное питание

пайдалы – полезный

шынығу – закаливание

Мәтінді түсініп тыңдаңыздар

Денсаулық - зор байлық

"Денсаулық – зор байлық!" дейді дана халқымыз. Денсаулық -адам баласына табиғат сыйлаған ең басты байлық. Сау кезімізде сол теңдесі жоқ табиғат сыйының бағасы мен қадірін білмейтініміз өкінішті-ақ! Денсаулық дегеніміз – адам жаны мен тәнінің амандығы. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Ал сол денсаулықты сақтау, оны қорғау – өз қолымызда. Денсаулықтың қадірін ерте кезден білген халқымыз оны сақтау мен күтуге, дұрыс тамақтануға ерекше мән беріп, табиғи өнімдердің адам денсаулығы үшін пайдасының зор екендігінен хабардар болған, әрі сол пайдалы өнімдермен күнделікті тамақтанып отырған. Дәл бүгінгі уақытта дені сау ұрпақ-болашақ кепілі. Деніміз сау болу үшін көп қозғалу керек, денсаулыққа тек шынықтыру арқылы ғана жетуге болады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде». Ол үшін жас ұрпақтың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау керек.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

- ✓ Байлыққа нені жатқызар едіңіз? Неліктен?
- ✓ Зиянды әдеттерге адам неліктен үйір болады?
- ✓ Зиянды әрекеттерден аулақ болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?
- ✓ Зиянды әдеттерге нелер жатады?

2-тапсырма. *Мақалдардың сыңарын табыңыз. Жаттап алыңыз.*

1. Дені саудың -	1. денсаулық кепілі.
2. Тазалық -	2. Ауырмайтын жол ізде.
3. Ауырып ем іздегенше,	3. астан
4. Денсаулық -	4. денсаулық
5. Аурудың бәрі -	5. зор байлық
6. Бірінші байлық -	6. – адамның арқауы
7. Ас	7. – жаны сау

3 - тапсырма. *Берілген сөздердің баламасын тауып, кестені толтырыңыз*

здоровье человека	
народная мудрость	

богатство общества	
здоровый образ жизни	
залог будущего	
правильное питание	
закаливание	

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

*Арақ ішіп, темекі шеккен,
Денсаулығының түбіне жеткен*

(Халық даналығы)

Мәтінге қатысты жаңа сөздермен танысыңыздар:

салауатты өмір салты
зиянды әдеттер
улы, уытты заттар
тәуелділік
әуестену
денсаулыққа пайдалы
дұрыс тамақтану
денсаулықты шынықтыру
жаяу жүру
таза ауада демалу
белсенді демалыс

Мәтінді оқыңыз

Салауатты өмір салты – адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты әрекет. Салауатты өмір салтын ұстанудың негізгі мақсаты – әрбір жеке адамның, тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарту қажет. Зиянды әдеттерге темекі, алкоголь (ішімдік), есірткі және уытты заттар жатады. Бұл заттарды ұзақ уақыт, ал кейде тіпті аз ғана уақыт пайдаланғанда адам ағзасында осы заттарға тәуелділік пайда болады. Салауаттылық – алкогольдік ішімдіктерден, есірткі, темекіден аулақ болу. Зиянды заттарға әуестенудің барлық түрі ақырында ауыр науқасқа шалдықтырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:

- жеке және қоғамдық гигиена;
- денені шынықтыру;
- дұрыс және уақтылы тамақтану;
- зиянды әдеттерден аулақ болу;
- күн тәртібін тиімді пайдалану.

Таңертеңгілік жаттығулар, жүгіру, жүзу, түрлі сапарлар немесе ұзақ қыдыру, саяхатқа шығу, белсенді демалу – салауатты өмір салтын ұстанудың дәстүрлі әдістері. Салауатты өмір салтын ұстануда белсенді демалыстың маңызы ерекше.

Денсаулықты нығайтуда, денені шынықтыруда және жаман әдеттерден арылуда маңызы зор. Сондықтан әр адам өзінің денсаулығына көңіл бөліп, әрдайым салауатты өмір салтын ұстануы керек.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?
2. Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?
3. Спортпен айналысудың маңызы қандай?
4. Дұрыс тамақтану жолдарын білесіз бе?
5. Зиянды әдеттерге не жатады?
6. Салауатты өмір салтының мақсаты қандай?
7. Белсенді демалыс дегенді қалай түсінесіз?

Грамматикалық анықтағыш

Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен келе-мін, Сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

Ауыспалы осы шақ түрінің жіктелу үлгісі.

I жақ. Мен айт-а-мын.

II жақ. Сен айт-а-сың.

Сіз айт-а-сыз.

III жақ. Ол айт-а-ды.

Мысалы, айтамын, келемін, сөйлеймін айтасың, келесің, сөйлейсің айтасыз, келесіз, сөйлейсіз айтады, келеді, сөйлейді айтамыз, келеміз, сөйлесеміз айтасындар, келесіндер, сөйлейсіндер айтасыздар, келесіздер, сөйлейсіздер айтады, келеді, сөйлейді.

Ауыспалы осы шақ тұлғасы (яғни көсемше түрінің жіктелген түрі) сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл тұлғасы ауыспалы деп аталады

Лексика- грамматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. Берілген сөздердің баламасын тауып, кестені толтырыңыз.

здоровый образ жизни	
залог будущего	
правильное питание	

закаливание организма	
народная мудрость	
богатство общества	
регулярные физические нагрузки.	
личная гигиена	
ежедневная утренняя зарядка	
ответственное отношение к здоровью	
вредные привычки	
соблюдение режима дня	

5-тапсырма. Сөздіктің көмегімен берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дұрыс тамақтану ережелері, денені шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар, , таза ауада серуендеу, зиянды әдеттер, денсаулыққа пайдалы, табиғи өнімді тұтыну.

6-тапсырма. Сөздердің сәйкес жұптарын тауып, сөз тіркестерін жасаңыздар, сөйлем құрастырыңыздар.

<i>жаттығу</i>	<i>бас тарту</i>
<i>денсаулықты</i>	<i>сақтау</i>
<i>салауатты</i>	<i>өмір салты</i>
<i>дұрыс тамақтану</i>	<i>жасау</i>
<i>зиянды әдеттерден</i>	<i>ережелері</i>

7- тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

салауатты өмір салтын ұстану
денсаулықты сақтау үшін
спортпен айналысудың маңызы
дұрыс тамақтану жолдары
зиянды әдеттерден арылу

ұйқының әсері

8-тапсырма. *Ақпаратты толықтырыңыз.*

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары	Салауатты өмір салтының дәстүрлі әдістері	Белсенді демалыс

7 Адам және уақыт. Менің бір күнім. Есептік сан есімдер, қолданысы. Жатыс септігі (іс-қимылдың мезгілін білдіруі)

Негізгі сөздік қор: уақыт, мерзім, мезгіл, апта, тәулік, түс мезгілі, түстен кейін, кешке, түнде, таңертең, бүрсүгіні.

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

уақытты үнемдеу
тиімді пайдалану
уақытты жоспарлау
уақытты басқару
уақытты жұмсау
өлшенеді
уақыт кестесі
уақытқа тәуелді
күн сайын (жыл сайын)

Мәтінді оқыңыз

Уақыт – біздің өміріміз. Біз оны қалай пайдаланып жүрміз? Адамның өмірінде оның уақыты үшін пайдасыз нәрселер көп. Адам уақытқа тәуелді. Адамның еңбегі, қызметі, жасаған өмірі – бәрі уақытпен өлшенеді. Егер уақытты дұрыс пайдаланбасақ, жұмысымыз да көбейіп кетеді. Қазір уақытты тиімді пайдалануды «тайм менеджмент» деп атайды.

Уақытты тиімді жұмсауға не кедергі болады?

1. Техникалық қателіктер, яғни, сіз өзіңіздің уақытыңызды дұрыс жоспарламайсыз.
2. Сыртқы факторлар. Біздің өмірімізге сыртқы факторлар әсер етеді.
3. Психологиялық кедергілер. Мүмкін, сіз кейбір жұмыстарды мағынасыз деп есептейтін шығарсыз?

Тайм менеджмент – бұл уақытты басқару әдістерін зерттейтін менеджмент саласы.

Уақытты дұрыс жоспарлаудың жолдары көп. Біріншіден, ең маңызды жұмысты бірінші атқару керек. Екіншіден, уақыттың кестесін жасау керек. Барлық адамға, қарапайым адамға да, патшаға да тәулігіне 24 сағат қана уақыт

беріледі. Осы 24 сағатты кім қалай жаратады? Ол сол адамның өзіне байланысты. Адам, біріншіден, өз күнін дұрыс жоспарлай білуі керек.

Грамматикалық анықтағыш

Сан есім

Заттың санын, мөлшерін, шама-шарқын, ретін білдіретін сөз табын сан есім дейміз. Сан есім қанша? неше? нешінші? нешеу? деген сұрақтарға жауап береді. Сан есім заттың санын анықтайтындықтан зат есіммен тіркеседі.

Есептік сан есім заттың нақты, дәл санын білдіреді. Қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. Құрамына қарай дара және күрделі деп бөлінеді, басқа сан есімдердің жасалуына негіз болады. Мысалы: үш мың төрт жүз елу алты оқулық, он көше, отыз екі қала т.б.

Лексика -граматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінге тақырыпты қойыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазыңыз.

3-тапсырма. Мәтін бойынша берілген сөздерді сәйкестендіріңіз, сөз тіркестерін жасаңыз.

уақытты	өлшенеді
уақытқа	кестесі
уақытпен	тәуелді
уақыттың	пайдалану

4-тапсырма. Мәтінді өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз

5-тапсырма. Сіз уақытты жоспарлаудың қандай жолдарын білесіз?

6-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ашатын сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.

7-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

сағат	100 жыл
апта	12 ай
тәулік	28-31 күн
ай	24 сағат
жыл	60 минут
ғасыр	7 күн
тоқсан	3 ай

Уақыттың жаулары:

- Уақытқа сай күнтізбе жасай алмау;
- Күнделікті 20 минут сайын әлеуметтік желідегі керексіз заттарға үңілу;
- Шешім шығара алмау;
- Дұрыс демалмау, уақытты дұрыс өткізбеу;

- Компьютерлік ойындар мен көгілдір экран;
- Уақытты өзіңе лайық, дұрыс адамдармен өткізуге тырыспау;

Берілген үлгі бойынша өзіңіздің күн тәртібіңізді құрастырыңыз.

Менің бір күнім.

Мен таңертең сағат 07.00-де тұрамын, жуынамын, тіс тазалаймын. Сағат 07.25-те таңертеңгі ас ішемін. Сағат 07.50-де үйден шығамын. Сабақ сағат тура 08.30-де басталады. Үлкен үзіліс сағат 10.20-дан 10.50-ге дейін. Сабақ сағат 18.40-та аяқталады. Сабақтан үйге сағат 19.30-да келемін. Сағат 20.00-де кешкі ас ішемін. Сағат 21.30-да кешкі жаңалықтарды көремін. Сағат 22.00-де сабаққа дайындаламын. Сағат 24.00-де ұйықтаймын.

Төмендегі үлгі бойынша өзіңіздің апта жоспарыңызды құрастырыңыз.

Апта жоспары

<i>Дүйсенбі</i>	<i>Би үйірмесіне бару</i>
<i>Сейсенбі</i>	<i>Қазақ тілінен қосымша сабаққа бару</i>
<i>Сәрсенбі</i>	<i>Физика пәнінен реферат дайындау</i>
<i>Бейсенбі</i>	<i>Волейбол секциясына бару</i>
<i>Жұма</i>	<i>Мешітке бару</i>
<i>Сенбі</i>	<i>Әжеме бару</i>
<i>Жексенбі</i>	<i>Анама көмектесу</i>

Есіңізде сақтаңыз!

Жеті күнді санау:

I.Бүгін

II.Ертең

III.Бүрсүгүні

IV.Арғы күні

V.Қасиетті күн

VI.Соңғы күн

ҮІІ. Азына

ҮІІІ. Түнеукүні – бірнеше күн бұрын

- Қай уақытта ұйқыдан тұрасыз?
- Таңертеңгі сағат 7-де.
- Қай уақытта ұйықтауға жатасыз?
- Түнгі сағат 11 шамасында.
- Жылдың қай мезгілінде демаласыз?
- Жазда, (күзде, күз мезгілінде . . .)
- Дәріс қай күндері болады?
- Сәрсенбіде, жұмада.
- Қашан жол жүресіз?
- Келесі аптада (келесі айда, бір аптадан кейін, . . .)
- Қай кезде кездесеміз?
- Түс кезінде (таңертең, ымырт кезінде, ...)

8 Жыл мезгілдері. Жыл мезгілдері. Климат және жыл мезгілдері. Жатыс септік. Сан есімдердің мағыналық топтары (есептік, реттік).

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

Жаз-лето

күз-осень

қыс-зима

көктем-весна

жылы-теплый

суық-холодный

ыстық-жаркий

салқын-прохладный

күн-день

ауа -райы-погода

болжам -прогноз

мезгіл – время

Тақырыпқа кіріспе:

1. Қандай жыл мезгілдерін білесіңдер?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Бір жылда неше ай бар?

Қыс мезгілінің айлары

Көктем мезгілінің айлары... .

Жаз мезгілінің айлары... .

Күз мезгілінің айлары... .

2. Көктемнен кейін қай мезгіл келеді?

Жаздан кейін қай мезгіл?

Күзден кейін?
Күзде ауа райы қандай?
Қыста күн қандай болады?

3. Жазда табиғатта қандай өзгерістер болады?
Күзде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?
Қыста табиғатта қандай ерекшеліктер болады?
Көктемде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Климат. Жер шарының әр аймағының өзіне тән ауа райы болады. Мысалы, Қазақстанның орталығында қыс аязды, қарлы боранды, жазы ыстық, құрғақ болып келеді. Ауа райының мұндай сипаттары жыл сайын қайталанып отырады. Климат – жер бетіндегі белгілі бір аймаққа тән қайталанып отыратын ауа райының көпжылдық жай – күйі.

Грамматикалық анықтағыш

Жатыс септік.

Сұрақтары: Кімде? Неде? Қайда? Кімдерде? Нелерде?

Жалғаулары: - да, - де, - та, - те, -а, -е, -нда, -нде

Мысалы: қарда, аязда, боранда, университетте, бөлмеде, жатақханада және т.б.

Есептік сан есім

Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп, қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: бес, он екі, жүз жиырма сегіз, тоғыз жүз бір т. б. Есептік сан есімдер дара да, күрделі де болып, сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

Реттік сан есім

Реттік сан есім заттың саналу ретін (қатарын) білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге дауысты дыбысқа бітсе -ншы, -нші, дауыссызға аяқталса — -ыншы, -інші жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: бір-інші, тоғыз-ыншы, екі-нші, алты-ншы, жүз отыз бес-інші т. б.

Реттік сан есімдер кейде цифрмен де беріледі. 1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: Ол 6 — қатардан орын алды. Біз 3-қабатта тұрамыз.

Мәтінді оқыңыз

Жыл мезгілдері

Бір жылда 4 мезгіл бар екен. Олар: қыс, көктем, жаз, күз. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Жыл мезгілдерінің ішінде ең суық мезгіл ол қыс. Қыста күн суық болып, көп қар жауады, жер ақ түске оранады. Өзен - көлдерге мұз катады. Адамдар жылы, қалың киімдерін киеді. Балалар қармен ойнап, аққала жасайды, шанамен

сырғанады, шаңғы тебеді.

Қыстан кейін көктем мезгілі келеді. Ағаштар бүршік атады. Күн ұзарып, жылынады. Күзде ұшып кеткен құстар қайта оралады. Жауын көп жауып, кемпірқосақ шығады, жерден гүлдер шыға бастайды. Адамдар егін егіп, тал отырғызады

Көктемнен соң жаз мезгілі келеді. Жаз өте ыстық мезгіл. Жазда жеміс-жидектер, көкөністер пісе бастайды. Балалар құммен ойнап, суға шомылады, үлкендер балық аулайды. Жаздан соң күз мезгілі келеді. Күзде ағаш жапырақтары сарғайып, ағаштар да, жер де сары түске оранады. Жаңбыр жиі жауады. Ауа райы суытып, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Балалар күз мезгілінде мектепке барады.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. *Мәтіннен жатыс септігінде тұрған сөздерді тауып, сұрақ қойыңыз.*

2-тапсырма. *Мәтіннің мазмұнын ашатын сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.*

3-тапсырма. *Мәтінге өз сөзіңізбен сипаттама беріңіз. Үлгі: Бұл мәтінде... айтылған.*

4-тапсырма. *Көп нүктенің орнына тиісті жыл мезгілінің атауын жазыңыз*
... – көрікті, ... – жайдары, ... – жомарт, ... – қаһарлы.

5-тапсырма. *Сөйлемдерді сәйкестендіріп, дұрыс сөйлем құраңыз:*

а) Қыс бәйшешек гүлдейді. ә) Көктемде қар жауады. б) Жазда жаңбыр жауады. в) Күзде күн ыстық болады.

6-тапсырма. *«Қаңтар , аяз, боран» деген сөздерді жатыс септігіне қойып сөйлем құраңыз.*

7-тапсырма. *Берілген сөздер мен сөз тіркестерін жыл мезгілі бойынша топтаңыз.*

Қар ериді, жапырақтар түсе бастады, жел соғып жатыр, қар жауып тұр, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, күн суыта бастады, ағаштар бүршік жарады, бәйшешектер өсіп шығады, жыл құстары ұшып келеді, аязды күндер басталды, тайғақ, ағаштарда жапырақтар жоқ, айналада барлығы гүлденеді, құстар сайрайды, балалар суға шомылып жүр, жапырақтар сарғаяды, көкөністер піседі, наурыз мерекесін тойлаймыз, күн қатты ысиды, жаңбыр жиі жауады.

8-тапсырма. *Көп мағыналы сөздермен сөйлем құрастырыңыз*

ҚЫСТЫҚ 2

КӨКТЕУ 2

КӨГЕРЕДІ 2

ЖАЗДЫҚ 2

ҚЫСТАУ 2

9-тапсырма. *Жыл мезгілдеріне сәйкес айтылған сөз тіркестерін үлгілік кесте бойынша дәптерге жазып, неліктен олай айтылатынын дәлелдеңіз*

Жыл мезгілдері	Қайтеді?	Неліктен?
Көктем	туады	Көктемде барлық жан-жануар туылып, жер – көк көктейді, өсіп өнеді.
Жаз	шығады	Егін шығып, қауыздар толып, орақ басталып, диқан бидай орады.
Күз	түседі	Ағаштың жапырағы сарғайып түседі, Шопан таудан түседі.
Қыс	келеді	Жотаны, даланы, қырау тегіс жабады; су қатып, қыстың хабары келіп, ел қамданады сондықтан «келеді» деп күтеді.

Бақылау сұрақтары:

- Қыста қандай өзгерістер болады?
- Қыс мезгілі ұнай ма?
- Қыста қандай мереке бар?
- Көктем мезгілінің айларын кім атап береді?
- Көктемде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?
- Көктемде қандай мерекелер бар?
- Жазда табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Жаз айларын кім біледі?

- Ал күз айларын кім біледі?
- Күзде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

9 Ауа райы. Табиғат құбылыстары. Сын есім. Мезгіл мәнді сөздер. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

ауа-райы -погода

болжам - прогноз

табиғат құбылыстары – природные явления

апат -трагедия, катастрофа, бедствие

суреттеу -описание

жауын-шашын, жаңбыр -дождь

жел -ветер

бұлтты-облачно

Тірек сөздер: күн суытады, температура төмендейді, ылғалдылық, ауа температурасы, салқындайды

Грамматикалық анықтағыш

Сын есім

Сын есім — заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін, иісін т.б. қасиеттерін білдіретін сөздер.

Қазақ тілінде сын есімдердің сұрақтары – **қандай? қай?**

Бұл айтылғандар – сын есімнің мағыналық жағы.

Тұлғалық жағынан сын есім негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.

1. Негізгі сын есімдерге – түбір сын есім жатады. Түбір сын есімі жұрнақсыз, басқа сөздермен бірікпей, қосарланбай, тіркеспей, жеке тұрып-ақ сындық мағына береді. Мысалы, *көк, сары, кең, жылы, терең, таза, алыс.*
2. Сын есімнің туынды түріне сын есімдердің бірігуі, қосарлануы, зат есім мен сын есімдердің тіркесуі арқылы және сын есімге, басқа сөз таптарына түрлі жұрнақтар қосылуы арқылы жасалған сөздер жатады. Мысалы, *1. Көкпеңбек еріндері қимылдайды. 2. Төбеміз кішкене-кішкене жақпар тастар. 3. Ақ, сары, қара, ала көк, ауыз жолды, көп балалы, жібек көйлекті.*

Дара және күрделі сын есімдер

Дара сын есімдер - құрамы бір ғана сөзден тұратын сындық мағыналы сөздер: *әдемі, жақсы, күлкішіл, ұзын, қоңыр т.б.*

Күрделі сын есімдер - ең кемі екі сөзден құралып, бір сындық ұғымды білдіретін сөздер: *күрең қызыл, қара ала, қара сұр, ақ сақалды т.б.*

Табиғат құбылыстары

Жауынмен жер көгереді, батамен ер көгереді.

Мақал.

Ауа-райы құбылыстарына жауын-шашын, жел, тұман, бұлт жатады. Ауа-райы уақыт ішінде өзгеріп тұрады. Қазақстан Республикасының табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала, тау, орман, өзен, көлдер кездеседі.

Жетісу өңірінде ақ басты таулар мен одан басталатын сарқырамалар, жидегі мол сайлар мен көгалдар көршілес жатыр. Орталық Қазақстан жазық даласын, ұсақ қыраттарын, әдемі де сирек құстар мекені – Теңізді мақтан етеді. Солтүстік пен Шығыста қарағайлы ормандардың әдемілігі көз тартады.

Табиғатының әр алуандығына орай Қазақстанның табиғат құбылыстары да өзгешеленіп отырады.

Таң атады, жаңбыр жауады, су буға айналады, найзағай ойнайды, құмды жел, аптап ыстық. Жалпы, табиғатта, ауа райында болып жатқан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары адамның еркінен тыс болады. Табиғат құбылыстары жыл маусымының ауысуына және жердің орналасу ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады.

Жылдың төрт маусымы бар: қыс, көктем, жаз, күз. Қыс мезгіліне тән құбылыстар: қардың жаууы, боранның соғуы, аяздың болуы, ауа температурасының төмендеуі, жердің қатуы, тағы басқалар. Мысалы, «Сарыарқаның сақылдаған сары аязы» деген тіркес бар. Сарыарқа Солтүстік Қазақстан мен Орталық Қазақстанның едәуір бөлігін алып жатыр. Басқа облыстарға қарағанда Сарыарқаның аязы қатты. Қыс айындағы ең төменгі температура кей жерлерде 40⁰ С-ден асып кетеді.

Көктемде жер жылынады, қар ериді, жылғалардан су ағады, ағаштар бүршік жарады, Жер-Ана оянады, мал төлдейді, жаңбыр жауады, т.б. Жаз - ең жылы маусым. Кей жерлерде қатты ыстық, температура жоғарылайды. Жазда жер аяғы кеңиді. Күзде күн салқиндайды, жапырақтар сарғаяды, жеміс-жидектер піседі, т.б.

1-тапсырма. *Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: сарқырама, жидек, көгал, қырат, көз тартады, бу, аптап ыстық, жыл маусымы, қардың жаууы, боранның соғуы, аяз, қату, едәуір, жылға, бүршік, жер аяғы кеңиді.*

2-тапсырма. *Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құраңыздар.*

3-тапсырма. *Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар, түсініңіздер.*

4-тапсырма. *Мезгіл мағынаны берудегі есімшенің ролін еске түсіріңіздер. Берілген тіркестерді есімшенің –ғанда, -генде, -қанда, -кенде формасына салыңыздар: қардың жаууы, боранның соғуы, аяздың болуы, ауа температурасының төмендеуі, жердің қатуы.*

5-тапсырма. *Сөйлемдерді толықтырыңыз. Өз нұсқаларыңызды ойлап табыңыз. Үлгі. Басқа облыстарға қарағанда Сарыарқаның аязы қатты.*

- ... қарағанда ... ыстық.

- ... қарағанда ... суық.
- ... қарағанда ... жылы.
- ... қарағанда ... салқын.
- Африкада температура өте жоғары, соған қарағанда ...
-

6-тапсырма. Тақырып бойынша сұхбаттасыңыздар. Өз өлкелеріңіз туралы пікір алмасыңыздар.

7-тапсырма. Өзіңізге ұнайтын жыл мезгілі туралы әңгімелеңіз.

8-тапсырма. Табиғаттың ерекше, таңқаларлық құбылыстары туралы жазып, әңгімелеп келіңіз.

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтін негізінде сипаттама беріңіз, сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

**10 Адам мен табиғат – егіз. Экологиялық жағдай және адам денсаулығы.
ҚР экологиялық аймақтары /Семей тағдыры, Арал қасіреті.**

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз.

қоршаған орта
ластану
апат аймағы
экологиялық ахуал
сынақтың зардаптары
табиғат құбылыстары
көлік кептелісі
табиғи ластану
жасанды ластану

Адам мен табиғат егіз.

Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

1. Экология мәселелері сізді толғандыра ма, әлде сізге бәрібір ме?
2. Оны шешуге өз үлесіңізді қалай қосып жүрсіз?
3. Қазақстанның негізгі экологиялық мәселелері қандай?
4. Қандай аймақтар экологиялық апат аймақтары деп жарияланған, не себептен?
5. Өзіңіз қандай экологиялық апат аймағына жақын тұрасыз?
7. Алматы ауасының ластану мәселесін шешу мүмкін бе?

Мәтінді оқыңыз.

Экологиялық жағдай және адам денсаулығы

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экология мәселелері тұр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әлі де тартуда. Радиациялық заттар қоршаған ортаға ядролық отындар өндірісінде, атом құралдарын жасап сынау кезінде таралады. Радиацияның шамадан артық

мөлшері ағзада қатерлі ісіктің, генетикалық өзгерістердің пайда болуына әсер етуде, Семей аумағында қазір 700 мың га радиациямен зақымданған жер бар. Оның адам денсаулығына тигізетін әсері үлкен.

1989 жылы ақпан айында алғашқы антиядролық қозғалыс құрылды. Олжас Сүлейменов басқарған бұл қозғалыс әлемді ұйқысынан оятып, адамдардың бейбіт өмір сүру құқығын талап етуіне жол ашты. «Невада-Семей» қозғалысын бүгінде білмейтін адам жоқ. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды. Бүгінгі таңда Қазақстандағы экологиялық жағдайдың ушығып тұрған ошақтары Арал мен Балқаш. Бұл көлдер тек қана Қазақстан емес әлем халқын алаңдатып отыр. Аралды құтқару мәселесіне тек эколог ғалымдар ғана емес, елім дейтін барша азаматтар атсалысуда. Осының нәтижесінде «Арал-Балқаш» қоры құрылды. Соңғы жылдары жер шарында экологиялық апаттар қаупі күшеюде.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. *Экология, табиғат сөздерімен сөз тіркестерін құрастырыңыз (сын есім, етістік).*

2-тапсырма. *Мәтіннің мазмұнын ашатын сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.*

3-тапсырма. *Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.*

Табиғат құбылыстары, табиғи апаттар, су тасқыны, жер сілкінісі, апат аймағы, сынақ жүргізу, сынақ зардаптары, адам денсаулығына әсері, қоршаған ортаның ластануы, теңіздің тартылуы

4-тапсырма. *Тобымызбен мына сұрақтарды талқылайық. Өз ойымызбен толықтырайық.*

- Қазақстанның алдында қандай үлкен проблема тұр?
- Экологиясы ушығып тұрған аймақтар қандай?
- Өсімдіктің табиғаттағы ролі қандай?
- Елімізде апатты аймақтардың көбею себебі неліктен деп ойлайсыз?

5-тапсырма. *Сұрақтарға жауап бере отырып, өз туған жеріңіздің экологиясы туралы айтып беріңіз.*

- Сіз туған өлке?
- Сіз туған жеріңіздің қандай әсем жерімен мақтана аласыз?
- Туған жеріңіздің экологиялық ахуалы қандай?
- Сіздің туған өлкеңізден шыққан халық қалаулылары экология үшін нендей жұмыстар жүргізуде?

Мәтінді оқыңыз

ҚР экологиялық аймақтары

Қазақстандағы экологиялық апаттар

Қазақстандағы экологиялық мәселелердің бірі – **қоршаған ортаның радиациялық ластануы**. Бұл жайында ең бірінші **Семей полигоны** туралы айту керек. Мұнда 1949 жылдың 29 тамызынан бастап 1991 жылдың тамызына дейін жалғасқан **ядролық сынақтар** (465 сынақ өткен, оның 116-сы атмосферада жасалды) Қазақ жерінің Оңтүстік және Шығыс аймақтарына үлкен **экологиялық апаттар** әкелді.

Бұл қазақ жұртын өте зор зардаптарға ұшыратты. Ғалымдар республика халқының ересек тұрғындары бойынан ядролық **сынақтардың әсерінен** туындаған 3 аса қауіпті ауру түрін тапты: онкологиялық, жүрек-қан тамыр және туберкулез. Полигон аймағында тұратын тұрғындардың өмір жасы 50 жастан аспады.

Екінші зор экологиялық апат – **су ресурстарының сарқылуы**. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуы тек сол өңірге ғана емес, тұтас Қазақ еліне орасан зардаптар алып келді. Судың тұздылығы жоғарылады. Соның салдарынан теңізде тіршілік ететін көптеген жәндіктер мен балықтар жойылып кетті. Ал суы тартылған шеткі аймақтар тұзды шөл далаға айналды. Желді күндері одан көтерілген тұзды дауыл көрші мемлекеттерге дейін ұшып жететін болған. Осының әсерінен өңір климаты құбылмалы күйге түсті. Арал маңы тұрғындары арасында онкологиялық, жүрек-қан тамыр және туберкулез аурулары көбейді, ана мен бала өлімі артты. Сондықтан Арал теңізі маңына **экологиялық апат аймағы** деген атау берілді.

Біле жүріңіз! 1949 жыл 29 тамыз. Таңғы сағат 7.00..... Қазақ даласындағы Семей полигонында алғашқы ядролық сынақ жүзеге асырылды.

1989 жыл 29 тамыз. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлығына қол қойды.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар: *Сұрақтарға жауап беріңіз:*

1. Полигон аймағында тұратын адамдардың ұшырайтын аурулары қандай?
2. Арал маңындағы адамдардың аурулары қандай сипатта?
3. Арал мәселесі тек қана Қазақстан халқының проблемасы ма?
4. Арал маңының климаты қалай өзгеруде?
5. «Байқоңыр қазақтың бағы ма, соры ма» тақырыбына эссе жазыңыздар.
6. Мәтінде қарамен бөлініп көрсетілген тірек сөздерді аударыңыз және сөйлемдер құрастырыңыз.

Мәтінді түсініп оқыңыз

Семей тағдыры

Адамзатқа үлкен қайғы - қасірет пен апат әкелетін - ядролық қару. Кеңестер Одағында жасалынған ядролық қаруды сынайтын алаң қазақ жеріндегі (қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты) Семей полигоны болды. Полигонда 40 жыл бойы 470 рет ядролық қару сынақтан өткен. Атом бомбасы сыналған аумақта: жерде, ауада, суда, топырақта радиоактивті заттардың мөлшерінің артуы байқалған. Семей ядролық полигонындағы сынақ қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 2,5 есеге асып түскен. Семей ядролық полигонындағы жергілікті тұрғындарды медициналық тексеруден өткізгенде тұқым қуалайтын ауруға шалдығуына байланысты адамдардың, әсіресе, жасөспірімдердің арасында ерте қайтыс болу жиі кездесетіні анықталған. Сондай-ақ қатерлі ісік, иммунды жүйелер мен қан құрамының бұзылуына байланысты ауруға шалдыққандар көп.

1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Жер-Ананың бізге берген сыйы, шөл далаға біткен інжу-маржан Арал теңізін ысыраппен пайдаланудың кесірінен апатқа ұшыраттық. Теңіз жағалауы 150-170 километрге шегініп кетті. Арал теңізі ірі экологиялық апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі - 1066 км², тереңдігі - 30-60 м, тұздылығы - 10-12% болған. Қойнауы бағалы балықтарға бай болды. Арал проблемасы планетаның орасан зор экологиялық апаты ретінде аса өткір сипат алып отыр. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысымен Арал аймағының Қазақстан бөлігі экологиялық қасірет аймағы деп жарияланған болатын. Айналадағы табиғи ортаның тез арада шөл далаға айналуы, тіршілік жағдайының нашарлауы, ауру түрлерінің көбеюі экологиялық ахуал туғызды. Сонымен қатар Ақтөбе облысының Ырғыз, Шалқар аудандарының Арал аймағымен шектесіп жатуына байланысты бұл экологиялық жағдайлар осы аудандарға да әсер етуде. Бірақ біз Арал теңізінің қайта орнына келетініне кәміл сенеміз.

Сонымен, Арал апатына себеп болған факторлар:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- ауылшаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- суды өте көп қажат ететін күріш, мақта дақылдарын барныша көбейтіп жіберу;
- суды үнемді пайдаланбау;
- табиғат ресурстарын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады

Қорытынды. Табиғат-адамға қажет баға жетпес байлық. Табиғат пен жер-ананы қорғай білу, сүйе білу-әр адамның азаматтық борышы және парызы. Табиғат – бізді қоршаған дүние: аспан мен жер, тау мен су, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда Табиғат әсемдігіне, сұлулығына қызыққан және қамқорлық жасаған.

11 Сауда орталықтарында. Азық-түлік атаулары, сапасы, шығу мерзімі. Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі)

Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: Сауда жасау, сатып алу, сапасы жақсы, жиі барамын, жеке меншік.

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз

сауда орталықтары – торговые центры
сауда қатынастары – торговые отношения
көтерме сауда – оптовая торговля
бөлшек сауда – розничная торговля
қолжетімді баға – доступная цена
өнім – продукт, продукция
эмбебап дүкен – универмаг
зергерлік -ювелирные
сауда үйі – торговый дом
ыдыс – аяқ - посуда
азық – түлік – продукты
керек, қажет – нужно

Мәтінді мәнерлеп оқып, түсініп алыңдар

Қаладағы дүкендер.

Біздің қаламызда дүкендер, эмбебап дүкендер, сауда үйлері өте көп. Үйіміздің қасында үлкен дүкен бар. Дүкен екі қабатты, іші кең, жарық әрі таза. Дүкеннің ішінде әртүрлі бөлімдер бар. Мысалы, нан, сүт бөлімі, ет бөлімі, азық – түлік бөлімі, жеміс пен көкөністер бөлімі және тұрмыстық заттар бөлімі. Дүкеннің бірінші қабатында көкөністер мен жемістер бөлімі және нан, сүт, азық – түлік бөлімдері орналасқан. Ал, екінші қабатында ет бөлімі мен тұрмыстық заттар бөлімі бар. Біз отбасымызбен бірге үнемі осы дүкенге келеміз, себебі, мұнда біз барлық керектімізді табамыз. Ал, киім, кеңсе заттары, зергерлік бұйымдар, ыдыс – аяқтар және тағы басқа заттар қажет болса, қаланың орталығындағы сауда орталықтары мен эмбебап дүкендерге барамыз.

Мәтіннен кейінгі тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып өз үйлеріңнің жанындағы дүкен туралы айтып беріңдер.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. Дүкеннің қандай түрлерін білесіздер, жазыңыздар?

2-тапсырма. Сұхбатты аяқтаңыздар.

- Сіз қай дүкенге бардыңыз?

- _____ .

- Азық – түлік дүкенінен не сатып алдыңыз?

- _____ .

- Сүт, май, күріш қанша тұрады?

- _____ .

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына азық – түлік атауларын қойыңыздар.

Анам киімдер дүкенінен _____ сатып алды.

Мирас _____ сатып алды.

Сәулеге _____ сатып алдық.

Әжемнің _____ тәтті.

4-тапсырма. Берілген кестені толтырыңыздар.

Нан сүт бөлімі	Көкөністер мен жемістер	Тұрмыстық заттар

5-тапсырма. Екі бағандағы сөз тіркестерді сәйкестендіріңіз және аударыңыз

- | | |
|------------------|----------------------------|
| 1. Мен сауда | 1.сауда орталығына барамын |
| 2. Бүгін анаммен | 2.жасай аламын |
| 3. Үйдің қасында | 3.үлкен әмбебап дүкені бар |
| 4. Базарда | 4.қымбат емес, арзан |

6-тапсырма. Жұптастырыңдар.

- | | |
|-------------------|----------------|
| Көкөніс дүкені | өлеңдер жинағы |
| Аяқкиім дүкені | сүт |
| Азық-түлік дүкені | етік |
| Кітап дүкені | орамжапырақ |

7-тапсырма. «Сатушы мен сатып алушы» тақырыбында сұхбат құраңдар.


Сабақты қорытуға бағытталған тапсырмалар:

1-тапсырма. Тақырып бойынша тірек сөздерді аударыңыз, сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: сүт өнімдері – молочные продукты. Сүт өнімдерінің құрамында дәрумендер көп.

сүт өнімдері	
көкөністер	
жемістер	
жидектер	
сауда орталықтары	
қолжетімді баға	
сапалы өнім	
сауда қатынастары	
сауда орындарында	
тауардың бағасы	
көтерме сауда	
бөлшек сауда	

2-тапсырма. Төменде көрсетілген үлгі бойынша «Өнім, баға» сөздерімен сөз тіркесін жасаңыздар.



3-тапсырма. Екі бағандағы сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз және аударыңыз.

1. Мен сауда
2. Бүгін анаммен
3. Үйдің қасында
4. Базарда көкөністер
5. Сауда орталықтары

- 1.сауда орталығына бардым
- 2.жасай аламын
- 3.үлкен әмбебап дүкені бар
4. демалыссыз жұмыс істейді
5. қымбат емес, арзан

4-тапсырма. Берілген кестені толтырыңыздар.

Көкөністер	Жемістер	Жидектер

12. Асыңыз дәмді болсын!

1. Студенттік асхана және дәмхана. Тағам атаулары, тағам түрлері жайлы айту, сипаттау.
2. Дұрыс тамақтану ережелері. Ұлттық тағамдар, сусындар атауларын меңгерту.
3. Сапалық және қатыстық сын есімдер.

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз

ас, тағам, тамақ
ас мәзірі
таңғы ас
түскі ас
кешкі ас
тамақ дайындау (әзірлеу, пісіру)
сапалы тағам
дәмді тамақ
тамақтану
бұқтыру
тамақтың құрамы
қоректік заттар
дәрумендер

Мәтінді түсініп оқыңыз

Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Бүгінгі уақытта дұрыс тамақтану мәселесі өте маңызды және қоғамда көп талқыланады. Біздің денсаулығымыз көбінесе қалай тамақтануымызға байланысты. Адам үнемі күш-қуат жұмсайды, соны қалпына келтіру үшін ол дұрыс тамақтана білуі тиіс. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.

Дұрыс тамақтану дегеніміз – бұл аз-аздан әр түрлі тамақтарды қабылдау. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің

жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Дұрыс тамақтану ережелері:

- Тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады;
- Тамақты асықпай, тамақтану режимін сақтап жеу керек. Тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне 5 рет қабылдаған жөн;
- Таңертеңгі асты мұқият ішу қажет. Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда ағзадағы қант азайып кетеді.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (ақ уыз, көмірсу, май) болуы тиіс.
2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.
4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.
5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Тамақтану адамның өмірлік қажеттігі және денсаулық кепілі. Дұрыс тамақтану жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек жолдары, қант диабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдын алу үшін, сыртқы орта әсеріне қарсы тұру үшін, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Салауатты тамақтану және жоғары дене белсенділігі, спорт пен шұғылдану, күйзеліс пен күресе білу, темекіден, ішімдіктен бас тарту жолымен салауатты өмір салтын ұстану арқылы аурулардың алдын алып, денсаулықты күтіп, сұлу да сымбатты болып жүруіңізге болады.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

1. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің баламасын мәтіннен табыңыз.

Правильное питание, проблема правильного питания, много обсуждается в обществе, залог здоровья, ценность пищевого состава, состав пищи, повышение работоспособности, соблюдение режима питания.

2. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

1. Ас туралы қандай мақалдар білесіз?
2. Тамақ пен денсаулық байланысты ма?
3. Тамақ ішерде қандай тілек айтады?
4. Көкөністің құрамында қандай пайдалы заттар бар?
5. Сүттің құрамында қандай пайдалы заттар бар?
6. Еттің құрамында қандай пайдалы заттар бар?
7. Еттің адам ағзасына пайдасы бар ма?
8. Дұрыс тамақтануды қалай түсінесіз?

3. Мәтінге жоспар құрыңыз.

4. «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» дегенді қалай түсінесіз?

Қазақтың ұлттық тағамдары

Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз, есте сақтаңыз

ұлттық дастарқан

қымыз

шұбат

айран

ірімшік

шұжық

жент

талқан

қазы-қарта

дәмді

ащы

Сұрақтар төңірегінде әңгімелесіңіз.

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіз?
2. Сізге қандай ұлттық тағам ұнайды?
3. Басқа ұлттардың қандай тағамдары ұнайды?
4. Өзіңіз тамақ пісіре аласыз ба?
5. Ұлттық тағамдардың адам денсаулығына әсері қандай?
6. Қандай тағамдар адам денсаулығына зиянды деп санайсыз?
7. Жент жеп көрдіңіз бе? Ол қандай тағамға жатады? (тәтті, негізгі, ет, сүт, астық т.б.)
8. Қымызға қалай қарайсыз?

Мәтінді оқыңыз

Қазақтың ұлттық тағамы ет, сүт, ұн өнімдерінен жасалады. Ет тағамдары: қазы, қарта, жал, жая, шұжық, қуырдақ, тұшпара, т.б. Сүт тағамдары: айран, қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, сүзбе, май, қоспа, т.б. Ұн тағамдары: бауырсақ, шелпек, таба нан, ши бауырсақ, жент, талқан, бүйрекше, т.б. Бұл тағамдардың қайсысын алсаңыз да, денсаулыққа өте пайдалы. Тек тамақтану тәртібін сақтаған дұрыс. «Таңғы асты өзің іш, түскі асты досыңмен бөліс, кешкі асты жауыңа бер» деген сөз бар

Қазақтың ұлттық тағамдардың ішінде негізгі тағам – сүт. Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың адам денсаулығына пайдасы мол.

Сүт – ешқандай азық-түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның 95-98 пайызы сіңеді. Сондай-ақ сүт – амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, дәрумендердің таптырмайтын көзі. Ол бізге кальцийді, дәрумендерді (А, В2, В1, Е, D, С), көптеген басқа қоректік заттарды жеткізеді.

Бір литр сүт құрамындағы белок мөлшері – 150 г., ол сиыр еті, немесе тауықтың 5 жұмыртқасы, немесе 1 кг. нан құрамындағы белокқа тең. Сүттің бір литрі адамның май, кальций, фосфорға қажеттілігін толық қамтамасыз етеді. Сүттен жасалған тағамдардың дәмі де әртүрлі. Сүт, қаймақ, айран, уыз тұщы болса, ірімшік пен қатық дәмді, құрт қышқыл немесе ащылау болады. Сүт – қазақ отбасының негізгі тағамы. Сүт тағамын пайдаланбайтын отбасы жоқ.

Жент

Ұлттық тағамдардың бірі-жент. Жент (қоспа) - аса кәделі дастархан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын әрқашан сапасын сақтайтын өте дәмді тағам. Ол дәнді дақылдардың жармасынан дайындалады. Денсаулыққа қажетті дәрумендерге бай тағам түрі. Жент былғау шеберлікті қажет етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп (кофе тартқышқа салып) ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып (қазіргі кезде сары май салып), ысытып, араласқан тары мен ірімшікті салып, ақырын отқа қойып, араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салып, салқын жерге қояды. Әдетте жентті ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақтайды.

Берілген сұрақтарға сүйеніп, сұхбаттасыңыздар:

1. Женттің құрамына кіретін тағамдарды атаңыз.
2. «Бренд» деген ұғымды қалай түсінесіз?
3. Бренд болған қазақтың қандай өнімдерін айта аласыз?
4. Қазақтың қандай ұлттық тағамдары бренд бола алады деп ойлайсыз?

Сабақты қорытуға бағытталған тапсырмалар:

1-тапсырма. «Ас» сөзімен есімді, етістікті сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Зат есім	Етістік
Ас (тамақ, тағам)	дайындау
Сын есім	Зат есім
дәмді	ас, тамақ

Сөйлем құрастыру	
Мен дәмді тамақ әзірледім.	

2-тапсырма. Бос орынды толықтырыңыз.

Уыз - сүттен _____ тағам. Наурызкөже жеті түрлі нәрсе _____ тағам. Қуырдақ - еттен _____ тағам түрі. Шұбат – түйенің сүтінен _____ сусын. Қазақтың ұлттық дастарқаны -ет, сүт, ұн тағамдарынан _____ дастарқан. Қазақ дастарқанын _____ адам жоқ.

Керекті сөздер: дайындалатын, ұнатпайтын, қосылатын, тұратын, әзірленетін, жасалатын.

3-тапсырма. Сөздерді орын тәртібімен қойып, сұраулы сөйлем құрастырыңыз.

1. Ұзын/ Ең/ жасалды/ қазы/ және/қайда/ қашан?

2. Жасаған/Қазыны/кімдер?

3. Қай/өндіріліп/Қымыз/елдерде/жатыр?

4. Шетелде /не\Қымыздан/ жатыр/жасалып?

5. Денсаулыққа/Қымыздың/пайдасы/қандай /бар?

Оқыңыз, қызық!

Қазы -қазақтың бір бренді

2011 жылы 23 қаңтарда Шыңжанның Құлжа қаласында Мақтал және Рахат есімді қазақ азааттары бастаған бес ағайынды жігіт ұзындығы 213 метр, салмағы 1256 келі болатын қазы жасап шықты. Сөйтіп дүниежүзі Гиннес рекордтарын бағалау комиссиясы «Дүниежүзіндегі ең ұзын қазақтың ұлттық қазысы»деген арнаулы атақ берді де, қазақтың тағамы әлемге танылды.

Қымыздың пайдасы

Қытайлардың 75 пайызы қымыздың қаншалықты пайдасы бар екенін біледі. Қытаңлық БАҚ мәліметтеріне сүйенсек, мұндай нәтижені халық арасында жүргізілген сауалнама көрсеткен.Қытай халқы қымызға

қызығушылық білдіріп отыр, әрі оны медицинада пайдаланып жатыр. Мысалы, оның көп ауруға ем екенін зерттеп, одан дәрі өндіруге бет бұруда. Германия қазір қымыздың ұнтағын таблетка пішінінде шығарып жатыр. Сонымен қатар одан балұздақ жасап, кәпит, косметикалық тауарлар өндіруге кіріскен.

13 Денсаулық және спорт

Тәні саудың – жаны сау

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Түрлі аурулар

Ауру, науқас, сырқат

Науқастану, сырқаттану

Сауығу, жазылу

Жарақат

Бас ауруы

Қан қысымы

Дене қызуы

Жедел-жәрдем

Дәрумендер

Тәбет

Созылмалы

Қабыну

Әлсіреу

Нығайту

Қызуы көтерілу

Жөтелу

1. Мәтінді оқыңыз

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті өмірде денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарап, қадірін біле бермейміз. Адамның денсаулығы – қоғамның байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болуын қарастыру керек. Денсаулық – адам бақытының негізгі бөлігі. Ол туралы неміс философы Артур Шопенгауэр: «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты», - дейді. Шынында да, денсаулығың болмаса, ештеңенің де қажеті жоқ. Сондықтан әр адам өмірін қалай болса солай өткізбей, саналы да жарқын өмір сүруі қажет.

«Денсаулық – баға жетпес асыл қазына», - деген қазақ халқы. Денсаулық – адамның ең қымбат дүниесі. Ол адам өміріндегі ең бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлуі қажет. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», - дейді халық даналығы.

Деніңіз сау болсын десеніз, мынадай негізгі ұстанымдарға сүйену қажет:

- спортпен шұғылдану (күнара жаттығу (аптасына үш рет));
- темекі шекпеу;

- алкогольдік ішімдік пен есірткіні қолданбау. Денсаулықтың достары: спорт, таза ауа, дұрыс ұйқы, тазалық, шынығу, дұрыс тамақтану, демалу. Қоғамның болашағы әрбір адамның денсаулығына байланысты


Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтіндегі оймен келісесіз бе? Сіздің ойыңызша, адамның дені сау болу үшін тағы да қандай ұстанымдарға сүйенген жөн

2-тапсырма. Мәтінге және мәтіндегі азатжолдарға тақырып қойыңыз.

3-тапсырма. Мәтінді өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша кластерді толтырыңыз.



Спорт – денсаулық кепілі

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз.

спортпен айналысу

спорт түрлері

шынығу

секіру

жүгіру

шаңғы тебу

жеңіл атлетика

жеңу

жеңілу

күресу

спорт алаңы

жаттығу жасау

таңертеңгілік жаттығулар

фитнес орталығы

спорт кешені

Тақырып бойынша сұхбаттасуға арналған сұрақтар:

1. “Спорт-денсаулық кепілі” дегенді қалай түсінесіз?
2. Спортпен, дене шынықтырумен шұғылдану керек пе?
3. Спорттың қай түрімен шұғылданасыз?
4. Қазақстанның қандай белгілі спортшыларын білесіз?

Мәтінді түсініп оқыңыз

Спорт денсаулықты жақсартады. Спорттың барлық түрі денсаулыққа пайдалы. Спорт -денсаулық, қозғалыс, шыдамдылық, күш, жігер. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, өзін дамыту үшін шұғылданады. Ұлы ойшыл Ибн Сина денсаулық пен өмірді дамыту үшін, кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан. Спорттың көбірек қолданылатын түрлері: шаңғы тебу, футбол, волейбол, баскетбол, бокс, еркін күрес, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, тейквондо, дзюдо, велоспорт, жүзу. Спорттың ең қарапайым түрі – жүгіру. Күн сайын таңертең жарты сағаттай жүгіруге болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеп, түрлі жаттығулар жасауға болады. Спортпен айналысудың өте пайдалы екені жиі айтылып, жарнамаланып жатқанымен, мамандар спортпен айналысу үшін алдымен денсаулықты тексертіп алуға кеңес береді. Егер спортпен айналысуға мүмкіндік болмаса, онда бір мезгіл жаяу жүруді әдетке айналдырған абзал. Спорт салауатты өмір салтын қалыптастырады. Бірінші байлық – денсаулық, денсаулық – адамның ең қымбат дүниесі. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан.

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Мен бұл мәтіннен спортпен айналысу үшін _____ қажеттігі туралы ақпарат алдым.
2. Мен бұл мәтіннен жаттығу кезінде _____ туралы ақпарат алдым.
3. _____ сияқты спорт түрлерімен айналысу керектігі жөнінде ақпарат алдым.

2-тапсырма. Мәтін мазмұнын ашатын сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.

3-тапсырма. «Бірінші байлық -денсаулық» дегенді өз сөзіңізбен түсіндіріңіз

4-тапсырма. « Дені саудың-жаны сау» дегенді қалай түсінесіз?

5-тапсырма. Мәтінге сипаттама беріңіз. Үлгі: Бұл мәтінде айтылған (баяндалған т.б.).

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз, тиісті қосымшаларды жазыңыз.

Спорт (здоровье) жақсартады. Спорт (здоровый образ жизни) қалыптастырады. Спорттың (все виды) денсаулыққа пайдалы. Кез-келген адам денсаулығын жақсарту үшін (спортом) шұғылданады. Спорттың (виды) көп: (катания на лыжах), футбол, волейбол, (легкая атлетика, плавание).

7-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

денсаулық	виды спорта
шаңғы тебу	вольная борьба
қозғалыс	легкая атлетика

жүзу	заниматься спортом
еркін күрес	здоровье
жеңіл атлетика	спортивный комплекс
спортпен айналысу	движение
спорт кешені	плавание
спорт түрлері	катания на лыжах

8-тапсырма: Қажетті нұсқаларды қойыңыз:

Маған _____, _____, _____, _____, _____ түрлері ұнайды. Спорт салауатты өмір салтын _____ . Қазақстанда _____, _____, _____, _____, _____ сияқты спорт түрлері жылдан -жылға дамып жатыр. Отандық боксшылар - _____, _____, _____ - біздің мақтанышымыз. Біздің қаламызда _____ көп. Денсаулықты сақтау үшін _____ айналысқан дұрыс.

Грамматикалық анықтағыш

Етістіктің шартты райы

Етістік +-са/-се+ жіктік жалғауы. Мысалы: адам спортты өмірлік серігіне айналдыр-са, ауруды атымен білмейтін болады

14 Саяхат және туризм

Жаңа сөздер:

саяхат, сапар – путешествие
саяхаттау – путешествовать
қызмет көрсету–услуги, обслуживание
сервистік қызмет көрсету– сервисное обслуживание
табыс көзі – источник дохода
даму– развитие
көп қабатты - . многоэтажный
ғажайып көріністер - прекрасный вид
архитектуралық ғимарат - архитектурное здание
ең биік ғимарат - самое высокое здание
сервистік қызмет - сервисное обслуживание

Мәтінді түсініп тындаңыздар:

Туризм –латын тілінде «шенбер бойлай қозғалыс» деген мағынада.
Туризм – адамның бос уақытында өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы.
Турист – саяхатқа шығатын, туризммен айналысатын адам

Сұрақтарға жауап беріңіз:

Сіз демалысыңызды жоспарлайсыз ба? Қайда демалғанды ұнатасыз? (шет елде немесе өз елімізде)?

Қандай демалыс түрі ұнайды?

Өз облысыңыз немесе қалаңыз немен ерекшеленеді? Саяхатшылар көп баратын көрікті жерлерін атаңыз.

Саяхаттауға алдын ала дайындықтың қажеті бар ма?

Туризм мен қонақ үй бизнесі арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыз?

Сіздің ойыңызша туристерді көбіне қызықтыратын табиғи орындар ма, әлде тарихи нысандар ма?

2-тапсырма. Тапсырма. Берілген сөз тіркестерін аударыңыз, сөйлем құрастырыңыз.

Отандық туризм, туристік саланы дамыту, туристік нысандар, туристік агенттіктер, туризм және қонақ үй бизнесі, материалдық, рухани байлықтарды әлемге таныту, туризм көздері, туристік бағыт, табиғаты ғажайып қорықтар, емдік су көздері, археологиялық және тарихи ескерткіштер, инфрақұрылымды дамыту, туристік қызмет көрсету, туристік жоба әзірлеу, ішкі туризм, туристік индустрия

Рахман қайнарлары

Рахман көлі Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданындағы шипалы жылы су. Рахман қайнарлары облыс орталығы Өскемен қаласынан 450 шақырым, төрт мемлекеттің Қазақстан, Ресей, Моңғолия, Қытай елдерінің шекарасының қиылысқан жерінде, Алтай ойпатында, Арасан көлі жағасында, теңіз деңгейінен 1750 м биіктікте орналасқан.

Көркем табиғатымен талайларды тамсандыратын қорық емдік қасиетімен де әйгілі.

Суы тұщы, минералдылығы 200 мг/л. Себебі арасан суының құрамында гидрокарбонаттар, натрий, кальций, радон, гранит секілді бірқатар химиялық элементтер бар. Қайнардың суы тек дәрілік мақсатта қолданылады.

Бұл көмірқышқылы, родонға бай термиялық қайнар. Суы буын, тері, жүйке ауруларына шипа болып табылатын санаторийге еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған адам келіп емделеді. Рахман қайнарының суы асқазан, ревматизм, тыныс жолдары ауруларын және әр түрлі улану мен жараларды емдеуде қолданылады. Рахман қайнары биік тауда, орманның өте көрікті жерінде орналасқандықтан, 1925-1936 жылдары бұл жерде демалыс орны болған. Ал 1960 жылдан бастап шипажай жұмыс істей бастады.

Рахман[1] — Ерекше мейірімді, рахымды деген мағына береді

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар:

1. Мәтінге жоспар құрыңыздар. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беріңіздер.

2. Мәтінді өз ақпаратыңызбен толықтырыңыз

3. Мәтіннің мазмұнын ашатын сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.

Бурабай

Бейне материал

<https://youtu.be/eWZJy7AdO34>

Ақмола облысының солтүстігінде «Бурабай» ұлттық паркі орналасқандығы баршамызға мәлім. Бурабайдың тау-тасы да, көлі де, жазық даласы да ертегілер мен аңыздарға толы. Мәселен, «Жұмбақтасты» бір қырынан қарасаңыз, бұрымды жас қызға балайсыз, екінші қырынан қарасаңыз, орамал тартқан келіншекке ұқсайды, үшінші қырынан қарасаңыз, бетіне әжім түскен кемпірге ұқсатып таңқаласыз. Бурабай көлдеріне Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Қотыркөл жатады. Сонымен қатар, Сарыарқаның, Көкшетау тауларының аралығында бір-біріне жақын орналасқан, суының мөлдірлігімен, тазалығымен ершеленетін ұсақ көлдер тобы бар. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Бурабай» мемлекеттік табиғи ұлттық паркі 2000 жылы тамызда құрылды.

Деңгейлік тапсырмалар:

Орта деңгей

Берілген сөздерді мағынасына қарай ілік септігінің жалғауы арқылы байланыстыр:

Көл... жапырақ...

Бурабай... бас...

Көл... табиғат...

Тау... су...

Ағаш... айнала...

Жоғары деңгей

Берілген сөз тіркестеріне синоним сөздер табыңыз:

Әдемі көл -

Суы мөлдір -

Қалың орман -

Табиғаты тамаша -

Үнемі демаламыз -

I деңгей

Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз:

Бурабай, Швейцариясы, деп, Қазақстанның, аталады.

Демалыс, бар, орындары, Бурабайда.

Ой түрткі

1. Қазақстанда туризмнің қай түрі жақсы дамыған?

2. Қазақстанның қандай көрікті жерлерінде болдыңыз?

3. Қай қалаларды туризм орталығына айналдыруға болады деп ойлайсыз? Не себептен?

Қазақстандағы көрнекті жерлер

Жоспары:

1. Көрнекті жерлерді білесіз бе? Алматы қаласының көрікті жерлері жайлы ақпаратпен таныстыру, меңгерту.

2. Көрікті жер, мекен жайлы ақпаратпен бөлісе алу.
- 3 Қалау рай формасының қолданылуы, қалау мәнді сөйлемдердің берілуі.

Жаңа сөздер:

Тақырып бойынша жаңа сөздер:

- көрнекті
- көрікті орындар
- сүйікті
- ғимарат
- заманауи
- демалыс орындары
- саябақ
- тамашалау

Ойтүрткі

- 1."Көрікті жерлер" деп қандай жерлерді айтуға болады?
2. Қазақстандағы қандай көрікті жерлерде саяхатта болдыңыздар?

Мәтінді түсініп тыңдаңыздар

Алматы – әсем қалалардың бірі. Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Республиканың ірі ғылыми, мәдени және қаржы орталығы. Ол Тянь-Шань тауларының солтүстігінде, Іле Алатауының баурайында, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан. Алматыда 1 434 755 адам тұрады. Алматының көрікті жерлері: Медеу мұз айдыны, Көк-төбе, метро, орталық стадион, қонақ үйлер, саябақтар т.б. көрнекі орындары бар.

Алматы республикадағы негізгі туризм орталығы болып саналады. Әкімшілік-территориялық құрылымы: қала 8 ауданға бөлінген: Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб, Алатау, Наурызбай. Этникалық құрамы: қазақтар - 53%, орыстар - 33%, ұйғырлар - 5%, татарлар - 2%, кәрістер - 2%, украиндықтар, немістер, қытайлар-5%. Басты әуежайы: «Алматы» халықаралық әуежайы. Аумағы: 339,36 шаршы шақырым.. Өнеркәсіп: ауыр, тамақ, жеңіл (тігін, мата), химия, электр жабдығын өндіру, қағаз өндірісі. Қызмет көрсету: туризм, сауда, қаржы. Климаты:континенталды.

1-тапсырма. Мәтін бойынша тірек сөздерді жазыңыз.

2-тапсырма. Сызбамен жұмыс.

Алматы қала.

Керекті сөздер: әсем, үлкен, көрнекі.

3-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыз.

- 1.Елімізде көрікті қалалар көп.
- 2.Менің сүйікті қаламда ескерткіштер бар.
- 3.Мен сүйікті қалама жыл сайын барып тұрамын.
4. Мен өз туған қаламды жақсы көремін.
5. Біздің елімізде табиғаты тамаша қалалар баршылық?

15 Мінез және келбет

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз:

адамның келбеті (түрі)

сыртқы келбет

сыртқы пішін

көрікті

келбетті

сымбатты

тартымды

көзілдірікті

көк көйлекті

сабырлы

шыдамды

жомарт

сараң

сипаттау

мінез

тұйық

тілге бейімі жоқ

Грамматикалық анықтағыш

Күрделі сын есім: -лы/-лі, -ды-ді, -ты/ті

Мысалы: ұзын бойлы, қара шашты, қою қасты және т.б.

Адам келбетін сипаттауда қолданылатын сын есімдер:

Бой: ұзын бойлы, орта бойлы, аласа бойлы, қысқа бойлы; қыр мұрынды, Шаш: бұйра шашты, қара шашты, қолаң шаш, қысқа шаш, жирен шашты; Көз: бота көзді, қой көзді, қысық көзді;

Қас: қалың қасты, қара қасты, қиғаш қасты;

Мұрын: қыр мұрынды, пұшық мұрынды, дөңес мұрынды, жалпақ мұрынды;

Маңдай: кең маңдайлы, тар маңдайлығ жазық маңдайлы.

Теңеу мәнді құрылым:

Зат есім: -дай/-дей, -тай-тей. Мысалы: ботаның көзіндей, еріндері шиедей, көздері қарақаттай, аппақ қардай, шиедей қызыл.

Модаль сөздер: бірдей, сондай. Мысалы: Олардың бойлары бірдей. Баласының бойы да сондай.

Мәтінді оқыңыз

Адам келбеті

Мен бірінші курста оқимын. Менің тобымда әртүрлі ұлт өкілдері оқиды. Олардың сырт келбеттері әртүрлі. Мысалы топтағы қыздардың барлығы көрікті және сымбатты. Әсел мен Айжанның ұлты – қазақ, екеуі де қараторы қыздар. Олар жатақханада тұрады. Тамараның ұлты -татар. Ол аққұба, көзі үлкен, ерні шиедей, орта бойлы қыз. Ол қазақша жақсы біледі. Любовь -ұзын бойлы, қысқа шашты қыз. Ұлты -украин. Вера -неміс қызы. Оның да бойы Любвтікіндей ұзын. Ал жігіттер келбетті, шымыр денелі. Спортпен айналысады. Қанат – ұзын бойлы, бұйра шашты жігіт. Оның жасы 20-да. Русланның ұлты-әзірбайжан. Ол-ірі денелі, кең иықты жігіт. Ол Альмира сияқты қазақ тілін жақсы түсінеді. Біздің тобымыз ұйымшыл, сабаққа бірге дайындаламыз.

Лексика -грамматикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтіннен адамның сырт келбетін сипаттайтын сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз.

2-тапсырма. Үлгі бойынша толтырыңыз.

Бойы орташа – орта бойлы

Көзі қоңыр –

Шашы қара –

Маңдайы тар –

Иығы кең –

Қасы қалың –

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз

қарақат

қиғаш

қыр

шиедей

кең

орта

бойлы

маңдайлы

көз

қас

қызыл

мұрын

4-тапсырма. -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарының тиістісін қойыңыз.

Орта бой..., қой көз..., кең маңдай..., қыр мұрын..., қара қас..., қолаң шаш..., аққұба өң... .

5-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттап жазыңыз.

Еңгезердей, сұнғақ бойлы, қысқа бойлы, бота көзді, қой көзді, өткір көзді, қысық көзді, қолаң шашты, бұйра шашты, қайратты шашты, селдір шашты, қиғаш қасты, жіңішке қасты, кең маңдайлы, тар маңдайлы, қыр мұрынды, тәмпіш мұрынды, таңқы мұрынды, қара торы, аққұба, томпақ ерінді, жұқа ерінді, қыпша белді, бұраң бел, кең иықты, маржандай ақ тісті, сопақ басты

Мінез. Досыма мінездеме

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз:

адамның мінезі
мінезді сипаттау
сабырлы
шыдамды
жомарт
сараң
сипаттау
мінезі ашық
тұйық
тілге бейімі жоқ
беделді
мейірімді
қабілетті
шыдамды
қасиет

Мәтінді оқыңыз

Достық - өмірде кездесе бермейтін әрі берік қарым-қатынас. Менің де мына өмірде досым бар. Әркімнің өз мінезі болмақшы демекші, менің досымның да өзіне тән ерекше мінезі бар.. Досым екеуіміздің мінезіміз көп ұқсай бермейді. Алайда, ол барлық жанға көмегін бергісі келіп тұрады. Қиналғанды жұбатып, әрқашан елеулі болады. "Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын" демекші, оны қанша мақтасаң да аздық етеді. Себебі, оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.. Өзінен кішілерге қамқор болып, үлкендерге сыйластығы мол. Үнемі жадырап, жайнап жүреді. Ешқашан мұңайғанын көрмеген емеспін. Оны қалай сипаттасам да, айтып жеткізу мүмкін емес. Алайда, мен досыммен мақтанамын.

Тапсырма.

1-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып досыңыздың мінезін сипаттап жазыңыз.

2-тапсырма. Берілген сөздердің қарама-қарсы мағынасын (антонимдерін) жазыңыз:

Тұйық, жомарт, еңбекқор, таза

Тақырыпты бекітуге арналған тест сұрақтары:

1. Адамның сыртқы келбетін сипаттайтын сөздер
 - A) күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай.
 - B) қысқа бойлы, ер мінезді, бота көзді
 - C) қолаң шашты, қыр мұрынды, әділетті
 - D) қабілетті, дарынды, сұлу
2. Тура мағынада берілген сөз тіркесін көрсетіңіз.
 - A) қара сөз
 - B) қара ниетті
 - C) қара шаш
 - D) айнаға қара
3. Адамның мінезін сипаттайтын сөздер
 - A) тұйық, мейірімді, әділетті
 - B) мейірімді, адал, орта бойлы
 - C) қыр мұрынды, қара шашты, жомарт
 - D) ұзын бойлы, ақылды, қыр мұрынды
4. «Внешность» қазақша:
 - A) киім
 - B) бет-әлпет
 - C) мүсін
 - D) сырт келбет
5. «Сұңғақ бойлы» - мағынасы:
 - A) тапал
 - B) қысқа
 - C) ұзын
 - D) аласа
6. «Келбет» сөзінің мағыналық қатарын көрсетіңіз.
 - A) бойы, мінезі, қасиеті
 - B) бет, түр, ажар
 - C) сыртқы келбеті, білімі
 - D) іскерлік, адалдық
7. Сөйлемді тиісті қосымшалармен толықтырыңыз: Менің досым ұзын бой..., қара шаш ..., қыр мұрын... келбет... жігіт.
 - A) -шаң, -ті, -ды, -ты
 - B) -ды, -ті, -лы, -сыз
 - C) -лы, -ты, -ды, -ті
 - D) -лы, -ды, -да, -лі
8. «Жалқау» сөзінің синонимін белгілеңіз.
 - A) адал
 - B) жомарт
 - C) дархан
 - D) еріншек
9. Адамның мінезін сипаттайтын сөздер

- A) жігерлі, мейірімді, әділетті.
- B) мейірімді, адал, орта бойлы
- C) қыр мұрынды, қара шашты, жомарт
- D) ұзын бойлы, ақылды, қыр мұрынды

10. Жақша ішіндегі берілген сөздің қарама-қарсы мағынасын табыңыз: Ол-өте қарапайым, (жомарт), ақкөңіл, бауырмал адам.

- A) қолы ашық
- B) сараң
- C) орасан
- D) кішкентай

15 Киім - адам көркі. Қазақтың ұлттық киімдері. Киім атаулары

1.Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз:

ұлттық киім үлгісі

ұлттық киім атаулары

шапан

тон

бешпе

сәукеле

кимешек

тымақ

салтанатты рәсім

жүн/жібек мата

тақия

саптама етік

әшекей

оюлы

талғамға сай

Мәтінді оқыңыз

Ұлттық киімдер

Қазақ халқының ұлттық киімдері – оның тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрінің белгісі. Ұлттық киімдердің етек-жеңіне ою-өрнек салынады. Киімге бағалы тастар тағылады.«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтікінен кем емес. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген.

Қазақ халқының ұлттық киімдері этникалық, экономикалық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сыртқы, біркиер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері болады. Біркиер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген

сәнді киімдерді атаған. Шапан, бешпет, сәукеле, бүрмелі көйлек, тымақ, кимешек, саптама етіктердің небір әдемі үлгілері бар.

Киімдер қымбат маталардан, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Аң терілерінен тондар мен ішіктер тіккен. Ұлттық киімдерді қазақтар жынысына, жасына және қоғамдағы дәрежесіне байланысты киген.

Лексика -грамматикалық тапсырмалар :

1. Мәтіннен сөздер мен сөз тіркестерінің баламасын табыңыз.

Национальная одежда казахского народа, рисуется орнамент, символ традиций и обычаев, драгоценные камни, этнографические музеи и выставки, учтены климатические условия, по древним традициям, модная одежда с украшениями, шьется из меха, в зависимости от ранга/статуса в обществе.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қазақтың қандай ұлттық киімдері бар?
2. Ұлттық киімдердің ерекшелігі қандай?
3. Ұлттық киімдердің түрлерін білесіз бе?
4. Қазір ұлттық киімді қайдан көруге болады?

3. Сөздіктің көмегімен қазақ тіліне аударыңыз.

Национальная одежда любого народа выполняет не только практическую функцию, но и отражает быт и культуру. Казахская национальная одежда многогранна и состоит из множества элементов. Как мужской, так и женский гардероб отличается своей практичностью, функциональностью и экологичностью. В древние времена по одежде и манере ношения можно было определить статус человека, принадлежность к определенному сословию и классу. В современном гардеробе казахов сохранились многие виды древней национальной одежды. Какие-то вещи видоизменились и стали более практичными.

4. «Киім» сөзімен сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Үлгі: ұлттық киім

Қазақ сәнгерлері. Киім мен сән үлгілері.

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз.

сән

сәнгер

сән әлемі

талғам

ұстаным

үйлесім

ою-өрнек

бағалы тас

ұлттық нақыш

көненің құндылықтары

жібек

Қазақстанның қазіргі сәнгерлері ұлттық киімдерді дамытып, көненің құндылықтарын біздің замандастарымызға жеткізуге тырысады. Киім – адамның күнделікті және әлеуметтік өміріне аса қажетті бұйым. Киім адамға эстетикалық сән береді. Жапырақ ағашқа көрік берсе, киім адамға көрік береді. Адамды ыстық, суықтан, жауыннан қорғайды. Киім мақта, жүн, синтетика, жібек, барқыт маталарынан тігіледі. Киім – белгілі бір ұлттың, мәдениетін көрсетеді. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні де үлкен. Сондықтан ұлттық киімді қадірлеу керек.

Сән (франц. *Moda*, лат. *Modus* – өлшем, әрекет тәсілі)- киім кию мәдениеті, өмірдің әр түрлі саласында жеке талғамның болуы.

Адам көркі - шүберек, ағаш көркі – жапырақ. Әр адамның өзіндік киіну ерекшелігі бар. Киіну адамның талғамын ғана көрсетпейді, сонымен бірге оның мінезі, көңіл-күйі, ұстанымынан да хабардар етеді дейді стилист мамандар.

Кейде қызығып киім сатып аламыз, ол киім басқа киімдермен үйлесім таппай, гардеробтан орын алып тұрады. Сондықтан әр адамның өзінің базалық гардеробы болуы керек. Базалық гардеробқа жататын киімдер бейтарап ренді, бір түсті және классикалық пішінді болғаны дұрыс. Сол кезде барлық киімдер бір-бірімен жақсы үйлесім табады. Негізгі гардероб адамның күнделікті өмір салтына, дене бітіміне қарап қалыптасады.

Сонымен бірге киімдердің түсі де басты назарда болсын. Себебі әр адамның өзінің түсі бар. Адам көзінің, шашының, терісінің түсімен ерекшеленеді. Бұл – біздің табиғи түсіміз.

Киімде бірнеше стильдер болады: классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық. Классикалық стильге салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін барлық киім түрлері кіреді. Спорттық стиль – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. Жалпы спорттық стильдегі киімдерде адам өзін еркін және ыңғайлы сезінеді. Романтикалық стиль – әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік немесе нәзіктікті әдеттегіден тыс бөліп көрсетеді. Романтикалық стильдің ерекшелігі – шілтерлер, банттар жиынтығынан тұрады. Фольклорлық стиль (этникалық) ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері, жоғары технологиялық әдістер кеңінен пайдаланылады. Қазақстанның қазіргі сәнгерлері (модельер) ұлттық киімдердің дәстүрлерін сақтап дамытуда.

Киім – мінез айнасы

Қазіргі кезде кез - келген адамның өз қалауынша сәнді киінуіне мүмкіндігі бар. Ең алғашқы киімдерді адамдар шөптен, жан- жануарлардың терілерінен жасаған. Алғашқыда адамдар киімді суықтан, ыстықтан, жараланудан, сырып кетуден сақтап қалу үшін киді.

Киім – адам денесінің жамылғысы. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғайды. Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылады. Киім түрлеріне қарай бас киім, аяқ киім, сырт киім, ұлттық киімдер т. болып бөлінеді. Ұлттық киімдер арқылы адамның ұлтын да білуге болады.

Топтық жұмыс

1. Киім дегеніміз не?
2. Қандай ұлттық киімдерді білесің?
3. Заманауи киім дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Ұлттық киім мен заманауи киімнің айырмашылығы?
6. Адам мінезін киіміне қарап қалай сипаттауға бол

II – семестр

1 Білім және ғылым. Ғылым мен технология жетістіктері. Ғылыми стильдің ерекшелігі.

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз

білім

жоғары білім

арнаулы білім

орта білім

білім мен ғылым саласы

ғылымдардың жіктелуі

білім беру бағдарламалары

ғылым қызметі

танымдық қызмет

ғылым жетістіктері

ғалым

зерттеуші

Білім деңгейлері

Бастауыш білім	1-3/4-ші сыныптар
Орта білім	мектеп, гимназия, техникум, колледж, лицей, училище
Жоғары білім	Университеттер, академия, институттар

Бакалавриат – 4 жыл

Бакалавриат және магистратура – 6 жыл

Мәтінді түсініп оқыңыз

Қазіргі заман мамандардың кәсіби біліктілігіне жоғары талаптар қояды. Нарықтық экономика жастардың жан-жақты білімді, озық тәжірибелі, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын талап етеді.

Қазір еңбек нарығында шет мемлекеттерде білім алған мамандар сұранысқа ие, өйткені олар ағылшын тілін еркін біледі, нарықтық экономика талаптарына сай білім алып, тәжірибеден өткен.

Бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін білім де бәсекеге қабілетті болу керек. Осыған орай, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің барлық қызмет аясы бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға бағытталуда, жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне реформалар енгізілуде.

Тәуелсіздік алғалы Қазақстанның азаматтары әлемнің беделді оқу орындарында білім алып жатыр. Бұл үрдіс жалғаса береді.

Табысты еңбек ету үшін сапалы білім алу қажет. Жүзеге асырылып жатқан «Болашақ», «100 жаңа кітап», «100 жаңа есім», «Жас маман» бағдарламалары, т.б. – бұлардың барлығы жастардың дамуына, сол арқылы елдің дамуына бағытталған шаралар. Сонымен бірге, 2019 жыл елімізде Жастар жылы деп жарияланды .

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазіргі заман мамандарға қандай талап қояды?
2. Нарықтық экономика жастардан нені талап етеді?
3. Қазір еңбек нарығында сұранысқа кімдер ие?
4. Шет мемлекеттерде білім алған жастардың артықшылығы неде?
5. Біздің еліміздің білім беру жүйесінде қандай өзгерістер болып жатыр?

2 Білімді жастар – болашақтың тірегі. Қоғам және жастар.

Жастарға арналған мемлекеттік білім беру бағдарламалары

Жастар – қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастар – елдің, мемлекеттің іргетасы. Болашағын ойлайтын ел іргетасының берік болғанын, жастардың бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Олардың денсаулығы, білімі, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығы – бәрі-бәрі назарда болады.

2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылдады. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары: қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту болып табылады


Жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту - 2020», «7-20-25», т.б. бағдарламалар іске асырылып келеді.

Табысты еңбек ету үшін сапалы білім алу қажет. Сапалы білім беруге бағытталған «Болашақ» халықаралық стипендиясы, «100 жаңа есім» жобасы, «Серпін -2050» бағдарламасы, «100 жаңа оқулық» жобасы, т.б. бар. Ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет, спортта ерекше көзге түскен талантты жастарға "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы табысталады. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – белсенді жастардың қолында дейтін болсақ, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Жастар салауатты өмір салтын ұстанып, мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамуына өз үлесін қосса, қоғамға пайдасын тигізіп, сапалы, терең білім алуды басты міндетіне айналдырса, онда келешегіміз жарқын болары сөзсіз.

Тапсырмалар:

1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: **қозғаушы күш, іргетас, бәсекеге қабілетті, қызығушылық, қолжетімді, салауатты өмір салтын ұстану, табысты.**

1. Мәтін бойынша сұрақтар құраңыз.
2. Мәтіннен септік жалғаулы тіркестерді көшіріп жазыңыз.
3. Осы үлгі бойынша «жұмыс, мамандық» сөздерімен сөз тіркестерін жасаңыз, сөйлем құрастырыңыз.



4. «Білім, ғылым» сөздерімен сөз тіркестерін құрастырыңыз

А)	сапалы	білім	Ә)	ҒЫЛЫМ	саласы

5. Қазіргі қоғамдағы жастардың ең негізгі 5 проблемасын жазыңыз.

Басты проблемалар	Не себепті
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

6. Мәтінде берілген ақпаратты пайдаланып, кестені толтырыңыз

Білім беру бағдарламалары	Мақсаты

Грамматикалық анықтағыш

Ғылыми-стиль — зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет.

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, нормасы қатаң сақталады. Яғни ғылыми стильде сөз көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Сонымен қатар ол сөздің мағынасын ашу үшін де ғылыми стиль қолданылады. Қазіргі таңда ғылым даму үстінде. Сол себепті күннен-күнге жаңа ғылыми сөздер пайда болуда. Адамдар осы сөздерді ғылыми стильді қолдана отырып мағынасын жазуда. Сол арқылы жаңа пайда болған сөздер жалпы халықтық лексикаға айналады.

3 Өнертабыс және жаңашылдық

21-ші ғасыр – техниканың заманы. Сол себепті, ғылым арқылы ғаламат жаңалықтар ашуға ұмтылады. Бүгінде электроника, робототехника бағытында елімізде түрлі жобалар жүзеге асырылуда.

Мәтінге қатысты жаңа сөздермен танысыңыздар:

өнертабыс – изобретение
ойлап тапты-изобрел
өнертапқыш – изобретатель
жоба – проект

жетілдіру – усовершенствовать
өнеркәсіп – промышленность
тұтынушы – потребитель
үлес – вклад, доля
өндіру – производство
қолдау, қолдау көрсету – поддержка

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ӨНЕРТАБЫСТАРЫ

Кез келген елдің экономикасын дамыту үшін ғылым мен техниканы жетілдіру қажет. Әлем тез өзгереді, өнеркәсіптің дамуы да өзгеріп тұрады. Өнертабыс дегеніміз қазір бұрынғыдай күрделі дүние емес. Пайдалы және қарапайым өнертабыстар күнделікті өмірімізді жеңілдетіп, жақсартады. Мысалы, автокөліктер мен кір жуғыш машиналар өмірді жеңілдетеді; микроскоптар, компьютерлер ой-өрісті, білімді кеңейтеді; теле-радио жаңалықтардан хабардар етеді және т.б. Әдетте, өнертабыстарды адамдар бір нәрсені жеңілдету немесе ыңғайлы ету мақсатында жасайды.

Адамзат көптеген дүниелер үшін өнертапқыштарға қарыздар, өйткені біз ойлап тапқан заттарды күнделікті өмірде пайдаланамыз. Илизаров аппаратын ортопед хирург Гавриил Илизаров жасаған; Калашников автоматын Михаил Калашников, Мартен пешін Пьер Мартен, Морзе әліппесін Сэмюэль Морзе, саксофонды Адольф Сакс ойлап тапқан және т.б.

Бүгінгі компьютер, байланыс құралдары, электромобиль сияқты көптеген өнертабыстар – біздің замандастарымыздың табысы.

Отандық өнертапқыштарымыз да өздерінің үлестерін қосуда. Мысалы, қарағандылық өнертапқыш, ҚарМТУ профессоры, академик Сэнтай Жетесов «ППЖ-05 пистолет-пулеметін, СПЖ – сарбаздың қол зеңбірегін және «Нұротанк» атауын алған танкі жобасын жасаған.

Ал өнертапқыш Нұрлан Төреханов жаяу жүргіншілердің жолдан өту қауіпсіздігін арттыратын жарық беретін сәулелену таяғын ойлап тапқан.

Семей мен Қызылордада бие сүтінен жасалған құрғақ қымыз өндірудің әдістері патенттелген.

Үш өлшемді басып шығару, нанотехнологиялар және робот техникалар саласында патенттер бар. Бұл патенттердің төрттен үш бөлігі Жапония, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдердің еншісінде.

Өнертапқыштықты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жыл сайын «Шапағат» республикалық байқауын өткізеді.

Лексика- грамматикалық тапсырмалар:

1. Мәтінге сұрақ қоя отырып, мазмұндаңыз.
2. Сөздердің сәйкес жұптарын тауып, сөз тіркестерін жасаңыздар.

өнеркәсіптің	өнертапқыштар
жаңалықтар	бағыты
қашықтан	дамуы

отандық дамыту
электроника оқыту
ғылым мен техниканы ашу

3. Берілген сөздердің баламасын тауып, кестені толтырыңыз

молодые казахстанские изобретатели	
современные изобретения	
инновационные идеи	
интересные изобретения	
знаменитые изобретатели	

4. Сөйлемді аяқтаңыз

1. Өнертабыс дегеніміз... .

2. Кез келген елдің экономикасын дамыту үшін...

3. «Шапағат» республикалық байқауы

4. Бүгінде электроника,, робототехника бағытында... .

<https://www.youtube.com/watch?v=0zGNIOLwHz4>

<http://kostanaytv.kz/kz/news/education/zhas-onertapkyshyardyn-tyn-tuyndylary>

Сабақты бекітуге арналған тапсырмалар:

1. Өнертабыс дегеніміз не? Қандай өнертабыс түрлерін білесіздер?

2. Жағдаяттар бойынша 3-4 сөйлеммен пікір білдіріңіздер.

А. Өнертабыс иелері халық арасында әрдайым сый-сияпатқа, құрметке лайық болып жүр ме? Олардың ашқан жаңалықтары қоғамда қаншалықты дәрежеде бағаланып жүр? Ол туралы не айта аласыз?

Ә. Қазақстанның білім саласындағы жаңашылдықтар турасында не айтар едіңіз? Осыған қатысты алып-қосарыңыз бар ма?

3. Қазақстандық өнертабыс иелері туралы не білесіздер? 5-6 сөйлеммен пікір білдіріңіздер.

4 Танымал тұлғалар

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз:

тұлға

тарихи тұлға

танымал тұлға

қоғам қайраткері

әдебиет, өнер саласы

мәдениет саласы

үлес қосты
марапатталды
құрметтеу

Мәтінді түсініп оқыңыз

Шөкин Шапық Шөқыұлы (1912-2003)

Шөкин Шапық Шөқыұлы көрнекті қазақ энергетигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, КСРО-ның Құрметті энергетигі, Халық Қаһарманы.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Ш.Шөкинға ғалым-академиктердің арасындағы алғашқысы болып Қазақстанның ғылымы мен энергетикасын дамытуға сіңірген аса зор еңбегі үшін, жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлауға қосқан үлкен үлесі үшін жоғары ерекшелік белгісі – «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» тапсырылған.

1931-1933 жылдары Ташкенттегі Ортаазиялық инженер-техниктердің ирригация институтында оқып, 1937 жылы Омбының С.М.Киров атындағы ауыл шаруашылық институтын тәмамдаған. 1937-1943 жылдары – Қазақ КСР ауыл шаруашылығын электрлендіру мекемесінің бөлім бастығы, бас инженері. 1943-1944 жылдары – КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының энергетика секторының меңгерушісі. 1944-1948 жылдары – КСРО Энергетика және электрофикация Қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры. 1948-1955 жылдары – Қазақ КСР Ғылым академиясының Энергетика институтының директоры. 1955-1962 жылдары – Қазақ КСР Ғылым академиясының академик-хатшысы қызметтерін атқарған. 1964-1967 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті және президиум мүшесі болды. 1963 жылдан Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институтының құрметті директоры.

Ш.Шөкин – Г.М.Кржижановскийдің шәкірті. Ол 1944-1950 жылдары Іле өзенінің суы мен энергетика қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін зерттеп, Қапшағай бөгені мен Қапшағай су электр станциясын салу ісіне үлкен үлес қосты. 1949-1958 жылдары Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесін Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатындығын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс – Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Ш.Шөкин – Сібір өзендерін Қазақстан мен Орта Азияға бұру мәселесін ғылыми тұрғыда қарастырған алғашқы ғалымдардың бірі. Ғалымның басшылығымен осы мәселені шешудің тиімді жолдары мен жобалары айқындалған.

Ш.Шөкин 170-тен астам ғылыми еңбектің авторы. Негізгі еңбектері энергетика және су шаруашылығының болашақ дамуы мен отандық энергетиканың баланс мәселелеріне, тағы басқаларға арналған. 1993 жылдан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлер Академиясының құрметті мүшесі.

«Октябрь Революциясы», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Алматы қаласының құрметті азаматы. Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жеңіс аллеясында бюст орнатылған. Павлодар қаласында бір көшеге және Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институтына аты берілген.

1. Никита Амоскин мен Мыңжылқы Бердіқожаевтармен танысыңыз.
2. Тақырып бойынша сұхбат құрастырыңыз.
3. «100 жаңа есім» жобасы туралы әңгімелеңіз.
4. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Никита Амоскин – акробат, халықаралық класстағы спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы, спорттық акробатикадан әлем чемпионы.

Ол 1999 жылы Қарағанды облысында туған. Қазір Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс студенті. Никита бала кезінен спорттық акробатикамен айналысқан. Ол спорттық акробатикадан республикалық және халықаралық жарыстардың жүлдегері. Никитаның 60-тан аса марапаты бар. 2016 жылы Қытайда әлем Чемпионатында қола жүлдегері атанды, ал Польшада әлем кубогында алтын жүлдеге ие болды. 2016 жылы Никита еңбегіне лайық халықаралық класстағы спорт шебері атағын алды. Алайда жас спортшының басты жетістігі 2018 жылдың сәуірінде Бельгияның Антверпен қаласында жастар арасында аралас жұптар категориясындағы спорттық акробатикадан өткен Әлем Чемпионатының алтыны болып табылады.

5. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз және қазақ тілінде түсінгеніңізді әңгімелеңіз.

Мыңжылқы Бердіқожаев – нейрохирург

2006 жылы Мыңжылқы «Болашақ» президенттік бағдарламасының стипендиаты болды, Ресей, Санкт-Петербург қаласындағы С.М.Киров атындағы Әскери-медициналық академиясының клиникалық ординатурасына оқуға түседі. Ординатураны сәтті аяқтаған соң, Астанаға келіп қайтадан ашылып жатқан Республикалық нейрохирургиялық ғылыми орталықта эндоваскулярлық нейрохирург болып мансабын бастады. 2008 жылмен 2015 жыл аралығында жұмыс атқарған уақытта 1500-ден аса бас миының тамырларына жоғары технологиялық ота жасады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мыңжылқы Сайлауұлы Алматы қаласына Совмин аурухананың нейрохирургиялық бөлімінің меңгерушісі болуға шақыртылды. Соңғы үш жылда 800-ге жуық ішкі тамыр жүйелеріне қатысты ота жасалынды және Алматы қаласында инсульттан көз жұму көрсеткішін 2% төмендетті. Бүгінгі уақытта Мыңжылқы Сайлауұлының басшылығымен нейрохирургиялық

бөлімдері Қазақстанның аймақтарындағы, сонымен қатар қиыр Шығыстағы дәрігерлерді оқытатын үлкен оқыту орталығы болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Тұлға сөзін қалай түсінесіз?
2. Техникалық ғылым саласына үлес қосқан ғалымдарды білесіз бе?
3. Заманауи «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы туралы не білесіз?
4. «Тұлға» сөзімен есімді сөз тіркестерін құрастырыңыз.

5-6 Бұқаралық ақпарат құралдары

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз:

баспасөз - пресса

мерзімдік басылым - периодическое издание

бұқаралық ақпарат құралдары - средства массовой информации

мақала - статья

айдар - рубрика

оқиға – событие

мәлімет – сообщение, сведения

басылып шығады – издается

тілші – корреспондент

сұхбат – интервью, беседа

қызмет- деятельность, услуга, работа

реттеу-регулирование

қалыптастыру- формирование

пікір- мнение

Ой шақыру

1. Ақпарат деген не?
2. Бұқаралық ақпарат құралдарына не жатады?
3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не білуге болады?

Тыңдалым

Баспасөз— мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Баспасөз — халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге қызмет етеді. Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень жатады. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі - газет.

Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылым - 1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген “Түркістан уәлаятының газеті”. Баспасөздің екінші түрі — мерзімсіз басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер т.б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі — кітап. Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журналдар,

апталықтар жарық көреді. Сондай-ақ, әр түрлі меншік нысанындағы 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітаптар, буклеттер мен плакаттар, т.б. шығады. Республикадағы Баспасөз жүйесінің қызметі ҚР-ның “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңымен (1999, 23 шілде) реттеледі.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Баспасөз сөзін қалай түсінеміз?
2. Ақпарат көздеріне не жатады?
3. Баспасөздер арқылы не білуге болады?
4. Газет-журналдар дегенде алдымен қандай сөздер еске түседі?
(кластер жасау)
5. Қандай газеттерді білесіз?
6. Тілші деген кім?
7. Газеттерде қандай айдарларды білесіз?
8. Газеттер оқырманына не үйретеді? Адам өмірінде қандай рөл атқарады?

Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

мәлімет	
жергілікті	
оқиға	
бұқаралық	
қызықты	
тілші	
баспасөз	
ақпарат	
мерзімді	

Мәтінді түсініп оқыңыздар

БАҚ – өмір айнасы

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) дегеніміз – арнайы техникалық құралдардың көмегімен кез келген тұлғаларға түрлі хабарды, мәліметтерді ашық **жариялауға** арналған әлеуметтік мекемелер.

Бұқаралық ақпарат құралдарына: баспасөз, радио, теледидар, интернет, бейнежазба, кино жатады. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың ілгерілеуімен пайда болған жерсеріктік байланыс, Интернет желісі арқылы тарайтын түрлі ақпарат көздері де осы салаға кіреді.

Жалпы, **бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі** олардың коммуникативтік, **танымдық**, ақпарат тарату, қоғамдық пікір туғызу арқылы саяси билікке ықпал ету, қадағалау, әлеуметтендіру әрекеттерімен байланысты. БАҚ адамдардың түрлі әлеуметтік үдерістер мен оқиғалар туралы ой түйіне **ықпал етеді**.

БАҚ адамдарға әлеуметтік-саяси оқиғалар бойынша қалыптасқан жағдайды дұрыс түсінуге көмектеседі, азаматтарға түрлі ақпарат көздерінен алынған мәлімдемелерді дұрыс бағалауға және жүйелеуге, **ақпараттар**

ағынынан дұрыс бағдар алуға мүмкіндік береді. БАҚ бізге шексіз ақпарат беріп, білімімізді ұлғайтудан басқа **дүниетанымымызды** кеңейтеді.

БАҚ таратқан ақпарат сенімді, дәл болуы міндетті. Өйткені, халық ең алдымен ақпарат құралдары таратқан хабарларға сенеді. Сондықтан, мәлімет алынған **дерек көздері** нақты көрсетіліп, сілтемелер жасалуы тиіс. **Жалған ақпарат тарату** Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары әр адамның өміріне **әсерін** тигізеді. Біз ол арқылы жаңалықтарды жылдам біле аламыз. Тұтынушы керекті мен керексіз ақпаратты сұрыптай алған жағдайда ғана БАҚ адамға пайдасын тигізе алады.


Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқыңыз.
2. Мәтінде қарамен жазылған тірек сөздермен жұмыс жасаңыз.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не? Оның түрлерін атаңыз.
4. БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі туралы не білесіз?
5. Бүгінгі БАҚ-тың қоғамдық рөлі қандай?
6. Сіз өзіңізге мәлім ақпаратты БАҚ-тың қай түрімен таратар едіңіз?
7. Келесі сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құраңыз: *ақпараттар ағыны, ақпарат көзі, ой тую, қоғамдық пікір, жалған ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, әлеуметтік қажеттіліктер.*

Тапсырма. *Сызбаны пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

Қандай газет-журналдар оқисыз?

Досыңыз қандай газет-журналдар оқиды?



Тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрыңыз.

Оқырман, тілші, баспасөз беті, ақпараттық хабарлама, спорт жаңалықтары, халықаралық жаңалықтар.

Грамматикалық анықтағыш

Сын есімнің шырайлары

1. **Жай шырай** шырай түрлерінің бәріне негіз болады, оның арнайы грамматикалық көрсеткіштері, қосымшалары жоқ. Мысалы, ол ауаның тазалығын, дүниенің кеңдігін, адамның жомарттығын ешқандай салыстырусыз білдіреді.
2. **Салыстырмалы шырай** аналит. тәсілмен жасалады, заттың ұқсас сапаларының артық я кемдігін -рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; -ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шылтым; -аң, -ғыш, -гіш, т.б. жұрнақтар арқылы салыстыра көрсетеді.
3. **Күшейтпелі шырайды** Төлеуов аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалады десе, Ысқақов осы екі тәсілді шырайдың екі түріне бөліп тастайды, яғни күшейтпелі буын күшейтпелі шырайды, ал күшейткіш үстеулер асырмалы шырайды жасайды деп есептейді. Күшейтпелі шырайдың негізгі көрсеткіші күшейтпелі буынның тіркесуі болып табылады, ол сын есімнің бастапқы буынының қысқарып, оған -п дыбысының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, қып-қызыл, үп-үлкен.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) - арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер теледидар, газет-журнал, интернет, радио, бейнежазба).

БАҚ – тың атқаратын қызметтері: ақпараттық, танымдық, білімдік, әлеуметтендірушілік.

БАҚ – тың ақпараттық қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, процесстер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады.

Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

БАҚ – тың білімдік қызметі азаматтарға әртүрлі ғылым саласынан - қоғамдық -гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрінеді. Әрине ол толыққанды, жүйелі, арнайы оқу орындарында берілетін ғылымды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен де, қазіргі қоғамда адам өз өмірінің әр кезеңінде білімнің басым көпшілігін осы БАҚ арқылы алады.

БАҚ – тың әлеуметтендіруші қызметі адамдардың әлеуметтік ережелерді, құндылықтарды сіңіріп, мінез – құлықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді
Сұхбатпен танысыңыз:

1. Сен білесің бе, Интернеттің мүмкіндіктері күшейіп келеді?
2. Интернетте қандай жұмыстар жасап жүрсің?
3. Ұялы телефон арқылы Интернет жүйесіне қосылуға бола ма?
6. Теледидардан қандай бағдарламаларды көресіз?
7. Қазақстан Республикасында қандай телеарналар бар? Атап беріңдер.
8. Отбасың қандай мерзімдік басылымға жазылады?
9. Өзің тұратын өңірде қандай жергілікті газет басылып шығады? Оқып тұрасың ба?
10. Газет бетіндегі сүйікті айдарың қандай?

Тапсырма. Мәліметтің дұрыс, бұрысын анықтаңдар

Мәліметтер	Дұрыс	Бұрыс
1. Газеттерден көп мағлұмат, ақпарат аламыз.		
2. Теледидар мен компьютердің адамға зияны жоқ		
3. Телевидение адамның психологиясына әсер етпейді.		
4. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді туғызады.		

Мәтінмен жұмыс

Үш топқа газет, теледидар және ғаламтор жайлы мәтіндер беріледі және аудару сұралады.

1-мәтін.

Журнал – мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Журнал газетпен салыстырғанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайды. Қазақ тіліндегі алғашқы журнал – «Айқап» 1911 – 15 ж. аралығында жарық көрді.

Көмекші сөздер:

Мерзімді басылым – периодические издания

Салыстырғанда – по сравнению

Баяндау – излагать

Деректер – сведения

Тереңірек – глубже

Талдау жасайды – анализирует

Орнығу – укрепление

2-мәтін.

Қазіргі кезде теледидарды әр үйден табуға болады. Сондықтан өз отбасыңызбен көретін телебағдарламаларды жоспарлап қойған дұрыс. Экраны үлкен теледидарды 2-3 метрдей қашықтықта отырып көру керек. Мынаны есте сақтаңдар: 14 жасқа толмаған оқушылардың күніне көретін телевизиялық хабарларының ұзақтығы 1 сағаттан аспағаны маңызды.

Көмекші сөздер:

Жоспарлау – планировать

Кескін – изображение

Айқындылық – четкость

Озық – передовой

Сапа – качество

Қашықтық – расстояние

3-мәтін.

Бүгінгі таңда ғаламтордың мүмкіндіктері аса зор. Ол қолданылуы мен маңыздылығы жөнінен басқа ақпарат құралдарын артқа тастады. Бұл ақпарат көзінен кез келген мәліметті өте оңай тауып алуға болады. Ғалымдар ғаламтормен тым әуестену зиян, алайда адамның өзіне деген сенімділін көтеретіндігін де жасырмайды. Ғаламторды, оның материалдарын орынды пайдалана білген жөн.

Көмекші сөздер:

Жасырмайды – не скрывают

Мәлімет – информация

Әуестену – увлекаться

Сенімділік – уверенность

Орынды - целесообразно

1 топ сұрағы Ақпарат құралдарының адамға әсері қандай?

2 топ сұрағы: Олардың маңыздылығы неде деп ойлайсыңдар?

3 топ сұрағы: Болашақта қандай ақпарат құралдарының түрлері пайда болуы мүмкін?

Постер қорғау.

1 топ Газет-журналдардың пайдасы мен зияны

2 топ Теледидардың пайдасы мен зияны

3 топ Ғаламтордың пайдасы мен зияны

БАҚ – өмір айнасы

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) дегеніміз – арнайы техникалық құралдардың көмегімен кез келген тұлғаларға түрлі хабарды, мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер.

Бұқаралық ақпарат құралдарына: баспасөз, радио, теледидар, интернет, бейнежазба, кино жатады. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың

ілгерілеуімен пайда болған жерсеріктік байланыс, Интернет желісі арқылы тарайтын түрлі ақпарат көздері де осы салаға кіреді.

БАҚ адамдарға әлеуметтік-саяси оқиғалар бойынша қалыптасқан жағдайды дұрыс түсінуге көмектеседі, азаматтарға түрлі ақпарат көздерінен алынған мәлімдемелерді дұрыс бағалауға және жүйелеуге, ақпараттар ағынынан дұрыс бағдар алуға мүмкіндік береді. БАҚ бізге шексіз ақпарат беріп, білімімізді ұлғайтудан басқа дүниетанымымызды кеңейтеді.

БАҚ таратқан ақпарат сенімді, дәл болуы міндетті. Өйткені, халық ең алдымен ақпарат құралдары таратқан хабарларға сенеді. Сондықтан, мәлімет алынған дерек көздері нақты көрсетіліп, сілтемелер жасалуы тиіс. Жалған ақпарат тарату Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7 Қазақстан – ортақ үйіміз

Мәтінді оқыңыз, өз пікіріңізді қосыңыз.

«Ел ішіндегі береке-бірлік бәріміздің ортақ байлығымыз», – дейді әр ұлт өкілдері.

Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар. Айтса айтқандай, 130 ұлт пен ұлыс мекендейтін кең-байтақ елімізде шынайы татулық пен достық орныққан. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып отырған жұмысы ұшан-теңіз екенін де тілге тиек еткеніміз жөн. Еліміздің барлық өңірінің жұртшылығы бір ата-ананың баласындай тату-тәтті ғұмыр кешуде. Бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп, құда-құдандалы болып жүрген жағдайы да бар. Қаймағы бұзылмаған халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сыйлап, құрметтеп жүрген барша ұлт пен ұлыстың өкілдеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Әр ұлт өкілі өздерінің ана тілімен қоса мемлекеттік тілді меңгеруге де барлық жағдайлар жасалған.

«Қазақстан – ортақ үйіміз. Неге ортақ? Біздің ойымша, біріншіден, мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрғанына қарамастан барлығымыз тату-тәтті өмір сүреміз. Екіншіден, ата-бабаларымыздың тарихы бәрімізге ортақ. Үшіншіден, бірліктің күшімен, найзаның ұшымен демекші, тәуелсіздікке жету жолында бар халық ортақтасып, осы жетістікке жетті.

Тәуелсіз елдің экономикасы

Тәуелсіз ел болудың маңызды бір шарты – өз экономикаңды өзің басқару. Өзінің ішкі және сыртқы есебін өзі қадағаламаған елдің тәуелсіз болуы қиын.

Қазақстанның экономикасы нарықтық экономикаға құрылған. Ел экономикасының жетекші саласына түсті және қара металлургия жатады.

Біздің жердің мысының, қорғасынының, мырышының сапасы жоғары. Сондықтан әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазақстанның стратегиялық мақсаты – 2050 жылға қарай әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу. 2014 жылы «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасы, 2015 жылы «100 нақты қадам» деген ұлт жоспары жарияланды. 2010 жылы іске қосылған «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып отырған стратегиялық бағдарламалар, бірнеше жобалар бар. Олардың қай-қайсысы болмасын мемлекет экономикасын дамытып, елдің әлеуметтік жағдайын түзеуге бағытталған. Олардың қатарына «Дипломмен ауылға», «2019 жыл – жастар жылы», «Нұрлы жер», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес», Қытаймен қарым-қатынасқа негізделген «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Ауыл – ел бесігі» жобасы, т.б. жатады.

2018 жылдың 5-қазанында Елбасы Қазақстан халқына кезекті жолдауын жолдады. Жолдау «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталды. Аталған жолдауда Елбасы алдағы жоспарларға тоқтала келіп, «Бүгінгі кезеңнің де талабы оңай емес. Бірлігіміз мызғымаса, ынтымағымыз ыдырамаса, біз үшін алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды» деді.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді тыңдаңыз.
2. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.
3. Көршіңізбен сұхбат құрастырыңыз.
4. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін теріп жазыңыз: нарықтық экономика, . . . ,
5. Аталған жобалар мен бағдарламалардың бірін әңгімелеп келіңіз.
6. Мәтінді сұраулы сөйлемдермен оқып шығыңыз.
7. Қазақ халқында жеті, тоғыз, қырық сандары қасиетті сандар болып есептеледі. Қасиетті сандар туралы сіз не білесіз, мәліметті толықтырыңыз.

Жеті күн:

Жеті қазына:

Төрт құбыла:

Үш ғайып:

Үш арсыз:

Үш байлық:

Жеті ғашық:

Жеті ата:

Төрт маусым:

Үш алыс:

Үш қуат:

Үш қазына:

8. Көп нүктенің орнына қажетті сан есімдерді қойып жазыңыз.

Бір жылда ... күн, ... сағат бар. Наурыз мерекесі әр жылда наурыз айының ... жұлдызында аталып өтеді. Қазақстан ... жылы тәуелсіздігін алды.

Қазақстанда ... мемлекеттік қорық бар. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде ... орында. «Дүниежүзілік Сауда» ұйымына мүше мемлекеттер саны ... асады. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстан халқының саны ... жетті.

9. Берілген есептік сан есімдерді жинақтық, топтау, болжалдық сан есімдерге айналдырыңыз.

1,3,5, 9, 10, 22, 16, 100, 52, 84, 56.

10 Әуесқойлық

Жаңа сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз:

әуестік – увлечение, склонность

хобби – ермек

әуесқой – увлеченный

қызығушылық – интересы

әуестенемін – увлекаюсь

сүйікті іс – любимое дело

бос уақыт – свободное время

жинастыру – собирать

топтама – коллекция

Әуесқойлық (қызығушылық, хобби, сүйікті іс)

Мәтінді түсініп тыңдаңыздар

Әуесқойлық – «увлечение, хобби» деп те айтамыз. Әр адамның өмірінде әуесі болады. Әуес деген не? Энциклопедияларда, әуес - (ағылшын тілінен hobby), бос уақытында сүйікті ісіңмен айналысу дегенді білдіреді. Әуесқойлық (хобби) – әрбір адамның өзі сүйіп істейтін әрі қолынан келетін ісі. Біреулер сурет салғанды, біреулер ән айтқанды, ал енді біреулер коллекция жинағанды ұнатады. Жер бетінде қанша адам болса, барлығының да бос уақытында айналысатын, өмірлік мәні бар сүйікті ісі болады. . Кесте тоқу – біреудің сүйікті ісі болса, қолөнер бұйымдарын жасау – екіншісінің, тағамдар даярлау -үшіншісінің, үй жануарларын күту –төртіншісінің сүйікті ісі болуы да мүмкін. Сол іспен шұғылданғанда адамның бойында ерекше ынта, жігер, қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдері артады. Сүйікті ісі адамға қанат бітіріп шығармашылыққа жетелейді.Сүйікті іс үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Қазақ қаламгерлерінің көпшілігінің өз сүйікті істері болған. Мәселен, балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың хоббиі – сөзжұмбақ және сканворд құрау және шешу, әлем халықтарының мақал-мәтелдерін жинау және оларды қазақ тіліне аудару; жауынгер-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың хоббиі – сурет, жақсы кітаптар жинау; Қадыр Мырза Әлінің хоббиі –кітап, қалам, бәкі, төсбелгі жинау болса, жазушы-аудармашы Герольд Бельгер шахмат ойнауды жақсы

көрген. Қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаев оттықтан (зажигалка) топтама жинаған. Әрбір адамның ұнататын сүйікті ісі болады, сондықтан бос уақыттарыңды сүйікті істеріңе арнауға тырысыңдар.

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Хоббимен адам не үшін айналысады деп ойлайсыздар?
- Сіздердің хоббилеріңіз(қызығушылықтарыңыз) бар ма?
- Болашақта қандай істі қолға алғыларыңыз келеді?
- Қазіргі жастар әуес іспен айналысады деп ойлайсыз ба?
- Тіл үйрену әуес іс деп ойлайсыз ба?
- Әуес іс адам мінезіне әсер етеді деп ойлайсыз ба?

2. Сөйлемде берілген етістіктерді ауыспалы осы шақта жазыңыз

Азамат «Өсімдік әлемі» тақырыбы бойынша маркаларды...(жинау).Сабақта «Менің әуесқойлығым» тақырыбына шығарма... (жазу). Менің досым қалам жинаумен (әуестену). Әр адамның жеке қызығушылығы(болу).

3. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз

1. жүрмін/ ойын/ Мен/ жинастырып/ дискілерін.
2. спортпен/ жүрсің/Сен/ бе?/айналысып.
3. досым/қалам/Менің/ әуестенеді/жинаумен.
4. топтамасында\қалам/Оның/жуық/бар /мыңға.
5. Ісі/ істейтін/адамның/Әрбір/болады/ сүйіп.
6. Қандай?/ісің/Сенің/сүйікті.

Жазылым:

1. Төменде берілген үлгі бойынша, өз хоббиларың туралы жазыңдар. Үлгі:

1. Менің айналысатын сүйікті ісім – гүл өсіру. Табиғаттың нәзік жаратылысы гүлді өте жақсы көремін. Сондықтан да мен гүл өсірумен айналысқанды ұнатамын. Гүлді баптап, күтіп, су беріп, Топырағын қопсытып, дәрумендер беремін.
 2. Адамның өзінің жүрегіне жақын ісі болады . Шынайы ұнататын ісіңмен шұғылдансан, демалып қаласың . Сол сияқты менің де сүйікті ісім бар. Ол-сурет салу. Сурет салу барлық адамның қолынан келеді.Сурет салу кезінде шыдамдылық қажет. Мен сурет салуды бейнелеу өнері сабағында үйрендім. Анам арнайы альбом сатып алып берді. Мен сурет салуды ұнатамын.
- 2. «Әуес, әуестік, әуестену, әуесқой» сөздерімен сөз тіркесін жасап, дәптерлеріңізге жазыңыздар.**

Сүйікті іс және кәсіп

сүйікті іс – любимое занятие
сурет салу –рисовать
шыдамдылық – терпение
ұнатамын – нравится
шаңғы тебу - катание на лыжах

конькимен сырғанау - катание на коньках
домбыра тарту – игра на домбре
шабыт -вдохновение
айналысу -заниматься

Мәтінді оқыңыз

Жазушы Оразақын Асқардың жинағында мыңнан астам қалам бар. Мұндай әуесқойлықпен балалық шақтан бастап айналысқан. Оразақын Асқардың жеке топтамасында әлемдегі ең алғашқы қаламдардың бірін көруге болады. Қазір оған қаламдарды достары сыйлайды. Жинақтағы әр заттың тарихы бар. Мысалы, 25 жыл бұрын жазушының өз қолымен жасаған қаламы бар. Онда қызының фотосуреті бейнеленген. Атақты жазушының шабыт беретін қаламы да бар екен. Оразақын асқардың айтуынша, ең жақсы өлеңдерін жазған қаламдарын ешкімге бермейді екен. Ол өзінің қалам жинағын мақтан етеді.

Орыстың ұлы химик-ғалымы бос уақытында шабадан жинаумен айналысқан. Көптеген атақты адамдарға ол шабадан тігіп берген. Тіпті кейбіреуі оны химик ретінде емес, шабадан тігінші ретінде ғана білді.

Әңгімелеу

1. Сүйікті іс дегенді қалай түсінесіңдер? (как понимаете, что значит любимое дело)
2. Сендердің сүйікті істерің бар ма? (Есть ли у вас любимые дело)
3. Сүйікті іспен шұғылдану өздеріңе не үшін қажет? (Заниматься любимым делом, для чего необходимо)

Грамматикалық анықтағыш

Ауыспалы осы шақ

Етістік + -а,-е,-й + жіктік жалғау

- Мен барамын, келемін, тыңдаймын
- Сен барасың, келесің, тыңдайсың
- Сіз барасыз, келесіз, тыңдайсыз
- Ол барады, келеді, тыңдайды

11-12 Тіл – сөйлеу мәдениетінің негізі. Тіл мәдениеті.

Мәтінді оқыңыз, ой бөлісіңіз

Тіл – қарым-қатынастың, тұлғалық коммуникацияның құралы, ұлттың байлығы, мұралық құндылық. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл — парасатын, рухани байлығын көрсететін ажар да оның реңкінің қанық та көркем болуы тұлғаның лингвистикалық мәдениетіне байланысты. Тарихты парақтасақ, тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да

бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды — қызыл тіл» деп біздің дана халқымыз да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетін қалыптастыру мен оны дамыту көкейтестілігі арта түсті. Тілді дамыту — Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі. Тәуелсіз сананың күретамырына айналған ана тілінің ұлт болмысына аса қажеттілігін сараптап, «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» — екенін қмытпауымыз қажет.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамның өзгеруімен бірге адамдар танымына да өзгерістер кіреді. Тіл мәдениеті ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғаммен бірге тілдің, сол тілді тұтынушылардың қарым-қатынас мәдениетін реттейді. Тіл мәдениеті тіл заңдылықтарын сақтау, ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал тәсілдерін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тән нормалар таза, әдеби тілмен сөйлеуге дағдылану, тілдік қарым-қатынастағы әдеп пен нақтылықты, әсерлілікті, түсініктілікті талап етеді. Тіл мәдениеті нысанына мәтінді мәнерлеп оқу, өз ойын қисындылықпен байланыстыра алу, жазуда орфографиялық норма дағдыларын қалыптастыру талаптарын игерумен де анықталады. Бұның бастауында қазақ халқының сөз өнеріне өзгеше жауапкерлікпен қарайтын талабы да бар.

Тіл – адам ойының айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы – тіл. Сөз мәдениеті, біріншіден, ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып екіге бөлінеді. Ауызекі сөйлеу тілінің де жазба тілінің де бастау негізі – белгілі бір ұлттың дәстүрімен сабақтасқан жалпы халықтың тілі. Ауызекі сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез – құлқын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу, сөйлесе білу өнер, мәдениеттіліктің белгісі. Тілдік норманың жүйесін толық сақтайтын жазба тіл. Соның ішінде жазба әдеби тіл. Жазба әдеби тіл – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты нормалары, стильдік – жанрлық тармақтары бар тілдің түрі

13 Кәсіби тіл ерекшелігі. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары

Мәтінді оқыңыз

Кәсіби тіл ерекшелігі

Тіл адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы.

Болашақ маманның тілдік құзыреттілігі мектеп қабырғасында қалыптасады. Жоғары оқу орындарында практикалық және кәсіби қазақ тілі сабақтарында мамандықтарына сәйкес коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Коммуникативтік құзыреттілік

жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.

Бүгінгі таңда өзекті де тиімді саналып отырған қазақ тілін деңгейлік оқыту технологиясы тіл үйренудің, тілді оқытудың ең жоғарғы нәтижесі студентті кәсіби маман ретінде тілдесімге шыға алатындай мақсат пен міндетке бағытталып отыр. Осы арқылы жоғары білікті, кәсіби құзіретті маман дайындау.

Қазір республикамызда қазақ тілін мамандыққа бейімдей оқыту даму сатысында. Қазақ тілін кәсіби салада оқыту мәселесін де қоғам өміріндегі қажеттіліктер туындатып отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесі нығая түскен сайын, келешекте де түрлі салалардағы кәсіби қазақ тілінің маңызы артады. Себебі, жақсы маман болумен қатар, тілдік білімі толыққан, бірнеше тілде соның ішінде мемлекеттік тілде кәсіби сөйлей алатын маманның компания, мекеме, мемлекеттік қызмет және қоғам үшін де алар орны, көтерер абыройы бөлек.

Тапсырмалар. Сұрақтарға жауап беріңіз:

Сіздің ана тіліңіз _____

Мемлекеттік тілді білу деңгейіңіз _____

Кәсібіме сәйкес тіл білуім: _____

Әлі де білгім келетіні: _____

2. Мәтінді тыңдаңыз.

3. Мәтінді оқыңыз.

4. Жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

5. Мамандығыңызға байланысты терминдерді қолданып, бірнеше сөз тіркестерін, сөйлем құраңыз.

6. Тілдің ерекшелігін көрсетіп, жауап жазыңыз.

Тіл арқылы _____ танимыз.

7. Тіл туралы мақал-мәтел мен қанатты сөз жазыңыз.

1. _____

2. _____

3. _____

8. Тіл туралы ойды толықтырыңыз.

Халықтың сақталуы тілге байланысты, өйткені _____

Үкімет тарапынан үш тілді оқытуға басты назар аударылуда, өйткені _____

9. *Берілген сөздерді жіктеңіз:* Мемлекеттік тілде сөйлеймін, жазамын, оқимын.

14 Тұрақты тілдік оралымдар.

Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер

Тіл – адам қолданатын құралдың ең маңыздысы. Тіл – ұлттың болмысын, менталитетін көрсететін айна. Тіл бірнеше қызметті атқарады. Оның негізгісі - коммуникативтік қызмет. Яғни адам мен адамның қарым-қатынасын орнатады. Тіл - ғылымның даму көрсеткіші. Тіл кәсіби бағдарлы қолданылғанда белгілі бір саланың жекелеген терминдері анықталады. Тілдегі терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби салалардың, өндірістік салалардың дамуын бейнелейді.

Термин - тілдің өзгеше категориясы. Себебі терминсіз, терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның дамуы мүмкін емес.

Тілдегі терминдер Қазақстан Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясымен реттеліп отырады. Республикалық терминологиялық комиссия ҚР Үкіметінің 1998 жылғы қаулысымен бекітілді. Аталған комиссия салалар бойынша терминдерді заңдастырып, бекітіп отырады.

Термин сөздер ғылымның барлық саласында кездеседі:

1.Әдебиет пен өнерге байланысты терминдер: *роман, театр, филармония, актер, образ, дирижер, режиссер.*

2.Лингвистикаға байланысты терминдер: *лексика, фонетика, морфология, синтаксис, омоним, орфография, архаизм, бастауыш, баяндауыш т.б.*

3.Спортқа байланысты терминдер: *футбол, баскетбол, волейбол, хоккей, шахмат, бокс, акробат т.б.*

4. Ғылымға байланысты терминдер: *математика, синус, биссектриса, көбейту, косинус, химия, азот, хлор, озон т.б.*

Қосымша: Интернационалдық термин – әлемнің көптеген елдерінде бір атаумен қолданылатын термин. Мысалы, *фонетика, грамматика, экология, бизнес т.б.*

Тапсырмалар:

1. Мәтінді тыңдаңыз.
2. Мәтінді оқыңыз.
3. Жаңа сөздерді теріп жазып, олармен жұмыс жасаңыз.
4. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз.
5. Мәтінді болымсыз формада және сұраулы сөйлем түрінде оқып шығыңыз.
6. Салалық терминдерге мысал келтіріңіз.
7. Қазіргі ғылымдағы ең жаңа терминдерге мысалдарды жазып келіңіз.
8. Тұрақты тіркестерді еске түсіріңіз.
9. Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер туралы әңгімелеңіз.

<https://stud.kz/referat/show/23035>

15 Кәсіби мәтін ерекшелігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.

Кәсіби мәтін ерекшелігі

Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемлекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар.

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

Тапсырмалар:

1. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз, мағынасын түсініңіз.
2. Әр жаңа сөзбен бірнеше сөз тіркесін құраңыз.
3. Мәтінді мазмұндаңыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B-1 деңгейі). Оқу құралы. – Қарағанды: Тенгри баспаханасы, 2014– 132 б.
- 2 Айтбаева Б.М., Абдрахманова Г.Х., Кельдиярова Б.А. Қазақ тілі. Оқу-әдістемелік кешен. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 101 б.
- 3 Әлібек Г. Қазақ тілі(орта деңгейге арналған). Оқу құралы. – Астана, 2009. – 127 б.
- 4 Авторлар ұжымы. Қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2013. – 492 б.
- 5 Бектаев Қ. Сөздік. – Алматы, 2001 ж.-704 бет.
- 6 Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. – Алматы: Атамұра, 2004. – 720 с.
- 7 Жекеева К.О., Абдрахманова Қ.Ж., Қанафина Ф.Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2010. – 376 б.
- 8 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 ж.-712 бет.11.
- 9 ҚР СТ 1929-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру». – Астана, 2015 ж.
- 10 Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, 2016 ж.
- 11 Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
- 12 Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
- 13 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 бет.
- 14 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы,1998.-509 бет.
- 15 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008 ж. -968 бет.10.
- 16 Қазақтың мақал-мәтелдері./ құраст.: М.Қ. Рахметова. – Алматы, «Көшпенділер», 2007 ж.-240 бет.12.
- 17 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, «Елорда», 2000 ж.-532 бет.
- 18 Төлеуп М.М., З.С.Советова. Қазақ тілі. Техникалық оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АУЭС, 2015. – 192 б.
19. Қазақ энергетикасының алыбы // Қ.М.Алдабергенов. Бір туар дара тұлғалар.-Павлодар «Университет баспа орталығы»,2003. – 71-78 б.
20. Шөкин Шапық Шөкіұлы // Баянаула . – Астана,2001. -153 б.
21. Шокин Шапық Шөкіұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия 2 т.- Алматы, 2010.- 2 т.- 462 б.

* * * * *

Мазмұны

Алғы сөз	3
I БӨЛІМ	
1 Танысу. Сәлемдесу. Қоштасу үлгілері Жіктеу есімдігі	4
2 Мен және менің ортам. Отбасы – шағын мемлекет. Үндестік заңы	9
3 Мамандығым-мақтанышым. Бәсекеге қабілетті білікті маман дайындау - бүгінгі күннің талабы. Жоғары сұранысқа ие мамандықтар. Сан есім. Есептік сан есімдер	13
4 Оқу орны. Менің университетім. Зат есімнің жіктелуі, тәуелденуі	16
5 Туған жерге саяхат. Біздің өлке. Жалпы және жалқы зат есімдер, күрделі атаулар	19
6 Денсаулық - зор байлық. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі. Ауыспалы осы шақ	23
7 Адам және уақыт. Менің бір күнім. Есептік сан есімдер, қолданысы. Жатыс септігі (іс-қимылдың мезгілін білдіруі)	28
8 Жыл мезгілдері. Жыл мезгілдері. Климат және жыл мезгілдері. Жатыс септік. Сан есімдердің мағыналық топтары (есептік, реттік).	31
9 Ауа райы. Табиғат құбылыстары. Сын есім. Мезгіл мәнді сөздер	35
10 Адам мен табиғат – егіз. Экологиялық жағдай және адам денсаулығы. ҚР экологиялық аймақтары /Семей тағдыры, Арал қасіреті	37
11 Сауда орталықтарында. Азық-түлік атаулары, сапасы, шығу мерзімі.Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі).	41
12 Асыңыз дәмді болсын!	44
13 Денсаулық және спорт	49
14 Саяхат және туризм	52
15 Мінез және келбет	58
II БӨЛІМ	
1 Білім және ғылым. Ғылым мен технология жетістіктері. Ғылыми стильдің ерекшелігі	63
2 Білімді жастар – болашақтың тірегі. Қоғам және жастар	64
3 Өнертабыс және жаңашылдық	66
4 Танымал тұлғалар	68
5 Бұқаралық ақпарат құралдары	70
6 Қазақстан – ортақ үйіміз	77
7 Әуесқойлық. Сүйікті іс	79
8 Тіл – сөйлеу мәдениетінің негізі. Тіл мәдениеті	81
9 Кәсіби тіл ерекшелігі. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары	82
10 Салалық және кәсіби бағдарлы терминдер	84
11 Кәсіби мәтін ерекшелігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі Әдебиеттер тізімі	85
	86

Алмухаметова Гульмира Сатыбалдиевна
Жекеева Кенжетай Омаровна

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Редактор

Изтелеуова Ж.Н.

Басылымға қол қойылды _____ 2022
Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84/16

Баспаханалық қағаз № 2
Есептік - баспа табағы 6,0 № _____ тапсырыс
Бағасы 3000 теңге.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ» КЕАҚ
Алматы қ, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірме-көбейту бюросы
Алматы қ., Байтұрсынұлы көшесі, 126/1